

РЕСПУБЛИКА КҮНІ



Zhubanov University 25 қазан — Республика күні ұлттық мерекесіне арналған салтанатты шараға университеттің шетелдік серіктесі Heriot-Watt University өкілдері қатысып, қазақ елінің мәдениетімен, дәстүрімен кеңінен танысты. Шара барысында қазақтың ұлттық тағамдары, қолөнері көрмесі ұйымдастырылып, студенттер ұлттық киімдерден дефиле көрсетті.

Жадыра Әрен

Осы санда

БАҚЫТТЫҢ КІЛТІН
ҒЫЛЫМНАН ТАПҚАН
АЗАМАТ



4-7 66

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ
ФАКУЛЬТЕТІ: ЖОҒАРЫ
САПАЛЫ КӘСІБИ БІЛІМ
ЖӘНЕ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУ



8-15 66

ПОБЕДИТЕЛИ
ЧЕМПИОНАТА МИРА
ПО ТОГЫЗКУМАЛАКУ



16-стр

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news



НҰРҚАНАТ ӘЖІҚАНОВ — АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЧЕМПИОНЫ

Нұрқанат Әжіқанов Ханчжоуда (ҚХР) өткен Азия ойындарында каратэден алтын медаль жеңіп алды.

Ол 75 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде жарыстың жеңімпазы атанды. Финалда Нұрқанат Әжіқанов Иорданиядан келген Хасан Масарвехті мерзімінен бұрын жеңді.

Азия ойындарының чемпионы Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетін «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша 2022 жылы бітірді.

Жас спортшы осы жеңісіне дейінгі көп жетістіктеріне университетте оқып жүрген студент кезінде қол жеткізді. Университет ұжымы оның әр жеңісіне қуанып, қолдап, марапаттап, қошеметтеді. Ыстық

ықыластан жігерленген спортшы әр жарыстан олжа-лы оралды.

Нұрқанат Әжіқанов каратэден Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Әлем, ТМД және Азия чемпионы, Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, Кадеттер мен жасөспірімдер арасында әлем чемпионы. Сонымен қатар Нұрқанат Токио Олимпиадасына қатысқан ең жас спортшылардың бірі.

Ірі әлемдік жарыстан алтынмен оралған Нұрқанат Әжіқанов Zhubanov University Спорттық лигалар маусымының ашылуына қатысып, спортшы студенттерге сәттілік тіледі. Спорттық шара 3 айға жуық өткізіліп, факультеттер футбол, волейбол, баскетбол және тоғызқұмалақтан өзара бақ сынайтын болады.

НУРКАНАТ АЖИКАНОВ — ЧЕМПИОН АЗИАТСКИХ ИГР

Нурканат Ажиканов завоевал золотую медаль по каратэ на Азиатских играх, прошедших в Ханчжоу (КНР). Он стал победителем соревнований в весовой категории до 75 кг. В финале Нурканат Ажиканов досрочно победил Хасана Масарвеха из Иордании.

Чемпион Азиатских игр окончил Zhubanov University в 2022 году по специальности «Физическая культура и спорт». Большую часть своих достижений молодой спортсмен добился будучи студентом университета. Коллектив университета постоянно поддерживал и особо отмечал каждую его победу.

Нурканат Ажиканов — международный мастер по карате Республики Казахстан, Чемпион мира, стран СНГ и Азии, многократный Чемпион Казахстана, Чемпион мира среди кадетов и юниоров. Кроме того, Нурканат — один из самых молодых спортсменов, принимавших участие в Олимпийских играх в Токио.

Вернувшийся с золотой медалью с рейтингового мирового соревнования, Нурканат Ажиканов принял участие в открытии Сезона спортивных лиг Zhubanov University и пожелал успехов студентам-спортсменам. Спортивное мероприятие продлится около 3 месяцев, факультеты будут соревноваться в футболе, волейболе, баскетболе и тоғызқұмалаке.

NURKANAT AZHIKANOV — ASIAN GAMES CHAMPION

Nurkanat Azhikanov won a gold medal in karate at the Asian Games held in Hangzhou (PRC). He became the winner of the competition in the weight category up to 75 kg. In the final, Nurkanat Azhikanov defeated Hasan Masarveh from Jordan ahead of scheduled.

The champion of the Asian Games graduated from Zhubanov University in 2022 with a degree in Physical Education and Sports. The young athlete achieved most of his achievements at a university student. The university staff constantly supported and especially noted each of his victories.

Nurkanat Azhikanov is an international karate master of the Republic of Kazakhstan, World Champion, CIS and Asian countries, multiple Champion of Kazakhstan, World Champion among cadets and juniors. In addition, Nurkanat is one of the youngest athletes to take part in the Tokyo Olympics.

Returning with a gold medal from a world ranking competition, Nurkanat Azhikanov took part in the opening of the Zhubanov University sports league season and wished success to the student-athletes. The sporting event will last about 3 months, faculties will compete in football, volleyball, basketball and toғызқұмалак.

МАЛАЙЗИЯЛЫҚ ПРОФЕССОРДЫҢ ДӘРІСІ

Heriot-Watt University Малайзия кампусының «Электр және электронды инженерия» кафедрасының энергияны өлшеу және сынау жөніндегі маманы, профессор Джасерн Панг Zhubanov University филиалы студенттеріне дәріс оқыды. Шетелдік әріптесі туралы университет ректоры Лаура Қарабасова «Джасерн Панг біздің студенттерге электр энергетикасындағы парадигмалардың ауысуы тақырыбында дәріс оқыды. Сондай-ақ академиялық ұтқырлық, бірлескен ғылыми зерттеулер мен қос дипломды білім беру бағдарламаларын одан әрі жүзеге асыру мәселелерін талқылауға қатысады. Ол қазір Smart Sustainable Cities, MDEC Global Technology Grants Group, MTSFB жұмыс топтарына техникалық сарапшы ретінде кіреді, сондай-ақ, IoT Technical Professional Network комитетінің мүшесі, IET, UK және Young MINDS Malaysia президенті.

Джасерн Панг — көптеген өнеркәсіптік зерттеулер гранттарының иегері. Heriot-Watt University PRIME сыйлығының 2019 жылғы жеңімпазы. Студенттеріміз бен ұстаздарымыздың мүмкіндігі зор әлемге ейілгі ғалымнан баға жетпес білім мен тәжірибе алуға мүмкіндігі зор!», — деп жылы лебізін білдірді.

Дәрісінде профессор Панг өзінің ғылыми-инновациялық жобаларымен таныстырды. Ол қазақстандық студент-жастардың білімге өте құштарлығы мен жаңашыл көзқарастарына таң қалып, тәнті болды.

Профессор Панг «Smart city» және «Smart car» бағыттарындағы зерттеулерінің маңыздылығын түсіндірді. Сонымен қатар, жас ғалымдар, әсіресе инженерлер ғылыми және инновациялық зерттеулер жүргізіп, қоршаған ортаға қауіпсіз және адам өмірін жеңілдететін жаңа жобаларды әзірлеуі керектігін баса атады.

Быыл ашылған шотландиялық Heriot-Watt University филиалында 300 студент «Мұнай инженериясы және энергостроительств», «Компьютерлік инженерия», «Электроэнергетика» білім бағдарламалары бойынша оқып жатыр.

ЛЕКЦИЯ МАЛАЙЗИЙСКОГО ПРОФЕССОРА

Специалист по энергетическим измерениям и испытаниям кафедры «Электрическая и электрон-



ная инженерия» кампуса Heriot-Watt University в Малайзии, профессор Джасерн Панг прочитал лекцию студентам филиала в Zhubanov University.

«Джасерн Панг прочтет нашим студентам лекции на тему смены парадигмы в электроэнергетике. Он также примет участие в обсуждении вопросов академической мобильности, совместных научных исследований и дальнейшей реализации образовательных программ двойного диплома. Профессор Панг в настоящее время входит как технический эксперт в рабочие группы Smart Sustainable Cities, MDEC Global Technology Grants Group, MTSFB, а также является членом комитета IoT Technical Professional Network, президентом IET, UK и Young MINDS Malaysia. Джасерн Панг — обладатель многочисленных грантов на промышленные исследования. Лауреат премии Heriot-Watt University PRIME 2019 года. У наших обучающихся и преподавателей появилась прекрасная возможность получить бесценные знания и опыт от всемирно известного учёного!», — отметила ректор университета Лаура Карбасова.

Во время лекции профессор Панг представил свои научные и инновационные проекты. Его удивило и впечатлило огромное стремление и новые взгляды к образованию казахстанских студентов.

Профессор Панг объяснил важность своих исследований в областях «Умный город» и «Умный автомобиль». Кроме того, он подчеркнул, что молодые ученые, особенно инженеры, должны про-

водить научные и инновационные исследования и разрабатывать новые проекты, безопасные для окружающей среды и облегчающие жизнь человека.

В открывшемся в этом году филиале шотландского университета Heriot-Watt обучаются 300 студентов по образовательным программам «Нефтяная инженерия и энергостроительств», «Компьютерная инженерия», «Электроэнергетика».

LECTURE BY A MALAYSIAN PROFESSOR

A specialist in energy measurements and testing at the Department of Electrical and Electronic Engineering at the Heriot-Watt University campus in Malaysia, Professor Jasern Pang gave a lecture to students of the branch at Zhubanov University.

"Jasern Pang will lecture our students on the topic of paradigm shifts in the power industry. He will also take part in the discussion of issues of academic mobility, joint scientific research and the further implementation of double degree educational programs. Professor Pang currently sits as a technical expert on the working groups of Smart Sustainable Cities, MDEC Global Technology Grants Group, MTSFB, and is also a committee member of the IoT Technical Professional Network, President of IET, UK and Young MINDS Malaysia. Jasern Pang is the recipient of numerous industrial research grants. Winner of the 2019 Heriot-Watt University PRIME Award. Our students and teachers have a great opportunity to gain invaluable knowledge and experience from a world-famous scientist!" noted University Rector Laura Karabasova.

During the lecture, Professor Pang presented his scientific and innovative projects. He was surprised and impressed by the great desire and new views towards education of Kazakhstan students.

Professor Pang explained the importance of his research in the areas of Smart City and Smart Vehicle. In addition, he emphasized that young scientists, especially engineers, should conduct scientific and innovative research and develop new projects that are safe for the environment and make human life easier.

In the branch of the Scottish University Heriot-Watt, which opened this year, 300 students study in the educational programs Petroleum Engineering and Energy Management, Computer Engineering, and Electrical Power Engineering.

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news

ZHUBANOV UNIVERSITY
ҒАЛЫМЫ МЕМЛЕКЕТТІК
НАГРАДА АЛДЫ

Ұлттық мереке — Республика күні қарсаңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі мен белсенді қоғамдық қызметі үшін бір топ азамат мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Олардың қатарында Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінің «Абайтану және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Абат Шамұлы Пангереєв бар.

Еліміздің ғылым мен білім саласын дамытуға өлшеусіз үлес қосып келе жатқан ғалым және ұстаз А.Ш.Пангереєв «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталды. Жоғары награданы облыс әкімі Асхат Шахаров табыстады. «Жоғары білім беру саласында 1987 жылдан бері еңбек етіп келемін. Білім ордамызда екі мамандықтың, «Қазақ филологиясы» және «Журналистика» мамандықтарының ашылуын ұйымдастырдым. Соңған дейін алған ведомстволық марапаттарым бар. Ал алғашқы мемлекеттік марапатты 25 қазан — Республика күні, Ұлттық мейрамда алғанымға өте қуаныштымын. Бұл расымен де ұлық күн. Себебі мемлекет болғаннан кейін ол ұлттық сипатта болуы керек. Жер. Ел. Сана — осы үшеуі ұлттық қасиетін сақтағанда қай ел болмасын көгеріп, өркендемек. Еліміз аман болып, ғылымы, өндірісі, адами капиталы дамып, жарқын болашаққа қарай қадам баса берсін!», — дейді Абат Пангереєв.

УЧЕНЫЙ ZHUBANOV
UNIVERSITY ПОЛУЧИЛ
ГОСУДАРСТВЕННУЮ НАГРАДУ

В преддверии национального праздника — Дня Республики Указом Президента Касым-Жомарта Токаева группа граждан награждена государственными наградами за значительный вклад в социально-экономическое, культурно-духовное развитие страны, укрепление дружбы и сотрудничества между народами и активную общественную работу.

Среди них — руководитель научно-исследовательского центра «Абайтану және ұлттық руханият» Zhubanov University, академик Академии Педагогических наук Казахстана, доктор филологических наук, профессор Абат Шамұлы Пангереєв.

Ученый и педагог А.Ш.Пангереєв, внесший неоценимый вклад в развитие науки и образования нашей страны, награжден медалью «Ерен еңбегі үшін». Высокую награду вручил аким области Асхат Шахаров.

«Работаю в сфере высшего образования с 1987 года. Организовал открытие в нашем учебном заведении двух специальностей: «Казакская филология» и «Журналистика». Имею ведомственные награды. Рад был получить первую государственную награду в канун празднования национального праздника Дня Республики. Это действительно великий день. Потому что, государство должно носить национальный характер. Земля. Страна. Сознание — если эти три аспекта сохраняют свой национальный характер, любая страна будет расти и процветать. Пусть в нашем Казахстане будет мир, развивается наука, производство, человеческий капитал и открывается дорога к светлому будущему!», — говорит Абат Пангереєв.

ZHUBANOV UNIVERSITY
SCIENTIST RECEIVED
A STATE AWARD

On the eve of the national holiday — Republic Day, by Decree of President Kassym-Jomart Tokayev, a group of citizens was awarded state awards for their significant contribution to the socio-economic, cultural and spiritual development of the country, strengthening friendship and cooperation between peoples and active public work.

Among them is the head of the research center “Abaitanu zhane ulttyk ruhaniyat” Zhubanov University, academician of the Academy of Pedagogical Sciences of Kazakhstan, Doctor of Philology, Professor Abat Shamuly Pangereyev.

Scientist and teacher A.Sh.Pangereyev, who made an invaluable contribution to the development of science and education in our country, was awarded the “Eren Enbegi Ushin” medal. The high award was presented by regional akim Askhat Shakharov.

“I have been working in the field of higher education since 1987. Organized the opening in our educational institution of two specialties “Kazakh philology” and “Journalism”. I have departmental awards. I was glad to receive the first state award on the eve of the national holiday of Republic Day. This is truly a great day. Because the state must have a national character. Earth. A country. Consciousness — If these three aspects maintain their national character, any country will grow and prosper. Let there be peace in our Kazakhstan, let science, production, human capital develop and the road to a bright future open!” says Abat Pangereyev.

ҮЗДІКТЕРГЕ ЖЕҢІЛДІК
СЕРТИФИКАТТАРЫ

Zhubanov University «Білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша жеңілдіктер беру және білім беру грантын (стипендиясын) беру туралы Ережеге» сай жеңілдік сертификаттарының иелері анықталды. Олардың саны 339, оқуда озат, университеттің қоғамдық-мәдени шараларында белсенді, талантты студенттер. Жеңілдік сертификаттары 30, 50 және 100 пайыз жеңілдіктер деңгейін құрайды.

Білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша жеңілдіктер алған үздіктерді ректор Лаура Қарабасова құттықтады.

— Бүгін студенттер оқу ақысына түрлі жеңілдіктер берілетін сертификаттар алды. Бұл, ең алдымен, қолдауды қажет ететін әртүрлі әлеуметтік топтар мен санаттағы жастар, сонымен қатар оқу озаттары, республикалық және халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары, қандастар, шетелдік студенттер және т.б.

Алқалық шешімнің негізінде 339 студентке 30, 50 және 100 пайызбен білім беру қызметтеріне жеңілдіктер бердік.

Әлеуметтік қатысу және инклюзия университетіміздің «үшінші миссиясының» ең маңызды аспектілері болып табылады. Барлық студенттер мен ата-аналарды құттықтаймыз!

СЕРТИФИКАТЫ НА
СКИДКУ ЛУЧШИМ

В Zhubanov University определены обладатели льготных сертификатов в соответствии с «Положением о предоставлении скидок на образовательные услуги и предоставлении образовательных грантов (стипендий)».

Обладателями скидочных сертификатов стали 339 студентов. Это талантливые студенты, которые хорошо учатся, ведут активную деятельность в общественно-культурной жизни университета. Размер льгот составил 30, 50 и 100-процентную скидку.

Ректор Лаура Карабасова поздравила победителей, получивших скидки на оплату образовательных услуг.

— Сегодня студенты получили сертификаты на различные скидки и льготы по оплате обучения в нашем университете.

Это, прежде всего, молодые люди из различных социальных бэкграундов и категорий, нуждающиеся в поддержке, а также отличники, призёры республиканских и международных олимпиад, қандасы, зарубежные студенты и другие.

На основе коллегиального решения мы предоставили льготы по оплате образовательных услуг на 30, 50 и 100 процентов для 339 студентов.

Социальное участие и инклюзия — важнейшие аспекты «третьей миссии» нашего университета. Поздравляю всех студентов и родителей!

DISCOUNT CERTIFICATES
FOR THE BEST

Zhubanov University has identified holders of preferential certificates in accordance with the “Regulations on the provision of discounts on educational services and the provision of educational grants (scholarships)”.

339 students became holders of discount certificates. These are talented students who study well and are active in the social and cultural life of the university. The size of the benefits was 30, 50 and 100 percent discount.

Rector Laura Karabasova congratulated the winners who received discounts on educational services.

— Today students received certificates for various discounts and benefits on tuition fees at our university.

These are, first of all, young people from various social backgrounds and categories who need support, as well as excellent students, winners of republican and international Olympiads, candidates, foreign students and others.

Based on a collegial decision, we provided benefits for educational services at 30, 50 and 100 percent for 339 students.

Social participation and inclusion are the most important aspects of the “third mission” of our university. Congratulations to all students and parents!

Басты жаңалықтарды әзірлеген
Айерке Сұлтанбекова

Anniversary

БАҚЫТТЫҢ КІЛТІН ҒЫЛЫМНАН ТАПҚАН АЗАМАТ

Ақтөбе өңіріне экономика саласы бойынша кадрлар даярлау мен тәрбиелеу ісіне зор үлес қосқан ұстаз, экономика ғылымдарының докторы, профессор Халел Кусаинов 70 жасқа толды.

Ғалымның мерейжасына орай Zhubanov University Ғылыми кеңесінің кеңейтілген мәжілісі өтіп, оған университет ұжымы, зиялы қауым өкілдері, ғалымның әріптестері мен туыстары, шәкірттері қатысты.

Университет ректоры Лаура Қарабасова Халел Хаймуллаұлының университеттің өркендеуі мен дамуы жолындағы өзіндік қолтаңбасын атай өтіп, профессорға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекұлы атынан «Құрмет» грамотасын табыстады.

Х.Х.Кусаинов университетте қызмет атқарған 30 жылға жуық уақыт ішінде проректор, Әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі департаментінің басшысы, Экономика және құқық институтының директоры, ректор аппаратының басшысы болып жұмыс жасады. Қазіргі уақытта университеттің «Мемлекеттік басқару, қаржы және маркетинг» кафедрасында профессорлық қызмет етеді. Ғалымның жетекшілігімен 80-нен астам ғылым кандидаты мен магистранттар дайындалды. Ол 300-ге жуық ғылыми еңбектер мен монографиялардың авторы.

Кусаинов Халел Хаймуллаұлы белсенді ғылыми және қоғамдық қызметі үшін «Құрмет» орденімен (2021 ж.), Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаттарымен (2011 және 2012 ж.) марапатталған. Республикалық және облыстық билік органдарының Құрмет грамоталарына, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстары әкімдерінің Алғыс хаттарына ие болған. 2018 жылдан бері Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының Құрметті азаматы.

Сондай-ақ Х.Х.Кусаиновтың мерейжасына орай Экономика және құқық факультетінде «Қазақстанның ұлттық экономикасын дамытудың өзекті мәселелері» тақырыбында ғылыми семинар өтті. Онлайн және офлайн форматта өткен ғылыми семинарға университеттің профессор-оқытушылары және білім алушыларымен қатар, шетелдік және отандық ғалымдар, отандық жоғары оқу орындарының білім алушылары қатысты.

Семинар бағдарламасына жалпы саны 16 жоғары оқу орнынан 60-қа жуық баяндама енгізілді. Қатысушылар ұлттық экономиканың өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, қаржы, денсаулық сақтау салалары мен аймақтық экономиканың өзекті мәселелерін көтерді. Аталмыш салалардағы басқару, маркетинг, инвестициялау, талдау, цифрландыру сұрақтары да талқыға салынды.

Кусаинов Халел 1953 жылы 10 қазанда Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы Покатилов ауылдық кеңесінің Қоян ауылында колхозшы отбасында дүниеге келді. Осы жерде өсейіп, ержетті. Қоян қазақы, табиғаты көркіті, әсем ауыл еді. Жылдың төрт мезгілі де ауылда ерекше өтетін. Қысы қалың қарлы әрі боранды, көктемде арнасынан асып таситын өзені үйрек пен қазға, аққуға толатын, жағалауы көздің жауын алар бейшешегімен көрікті болатын. Ал жаз айы тіпті керемет, күн ұзағына бала-шағаның ойын ойнап, суға шомылатын, балық аулап, атқа міну секілді қызыққа толы демалысы пішен шабу жұмыстарына қолқабыс берумен жалғасып жататын. Күз келсе болды егін, бақша дақылдарын жинау, орман шаруашылығына қарау, сабан той секілді мейрамдарға ұласатын. Алайда, Халекеннің ауылында өмір сүріп жатқан халықтың тұрмыс тіршілігі жұпыны, қарапайым болды, бірақ олар өте тату, туыстан бетер жақын жанашыр-бауырмал, бір-біріне деген қамқор, қолғабысын риясыз көңілмен жасайтын жайсаң

жандар еді. Ауылда жарық пен жол, байланыс болмаған сәттерде ағайынға қол ұшын беріп, көмек көрсетуге дайын тұратын, қиындықты бірге бөлісу дәстүрі үзілмейтін.

Мектеп өткен ғасырдың 60-шы жылдарында ғана ашылғандықтан ауыл балаларының білім алуға мүмкіндіктері шектеулі болды. Кітап, оқу құралдары жеткіліксіз болды, бірақ Халел қатарлы балалардың білімге деген құштарлығы өзгеше болатын. Тату-тәтті, ынтымағы мол ауылдың тұрғындары бір отбасындай жұмыла өмір сүріп жатты.

Сол секілді алғашқы ұстаздың шәкірттерге қояр талабы мен тәртібі қаншалықты қатал болғанмен, шын мәнісінде шәкірт бойындағы адамгершілік қасиеттердің дұрыс жетілуіне деген қамқор көңілі мен ыстық ықыласы артпаса, азайған емес. Осындай адамдар арасындағы қарапайым адами қарым-қатынас бала Халелдің бойына өміріне азық болар мызғымас рухани құндылықтардың дәнін екті, турашылдық, адалдық пен әділдік, төзімділік



секілді адамгершілік қасиеттерін шыңдап, қалыптастырды.

Туған жердің сұлу табиғаты, ауылдастары мен туған-туыстарынан алған тәлім-тәрбиесі жас жігіттің болашақ тағдырына, оның табиғатты аялап, сүюіне, одан әрі тұлға болып жетілуіне ерекше әсер етті. Келешек ғылым бастауларына нәр берген де, күш берген де осы туған жерінің сұлу табиғаты, туып-өскен киелі топырағы мен қарапайым жандардың адамгершілік қарым-қатынастары деуге болады.

Ғалымның балалық шағы қызыққа толы ойынмен қатар, қызу еңбекпен де тығыз байланысты болды. Ол еңбекке ерте араласты, алғашқы еңбек жолын 5-ші сыныптан бастап, алдымен пішен шабудан бастаса, кейін ержеткен шағында әкесі Хаймуллаға көмекші болып, комбайн штурвалына отырды, егін орды. Күніге 16 сағат жұмыс жасау қанша ауыр бейнет болғанымен, еңбекке шыңдалды, ауыл шаруашылығының қыр-сырын игерді, ауыл патриоттық қаншалықты ауыр екендігіне көзін жеткізді. Нәтижесінде, осының барлығы оның болашақта ауыл шаруашылығының маманы болатындығына зор ықпалын тигізді.

Халекен ел мен жерге, Отанға деген сүйіспеншілік, еңбексүйгіштік пен патриоттық, ұйымдастырушылық пен лидерлік, мәдениеттілік пен кішіпейілділік секілді мінез-құлықты отбасында алды.

Екі әке, үш ананың тәрбиесін көріп өскен Халел бойына адамдық пен тектіліктің іргетасын қалады, өзін сенімді де еңбекқор, жауапкершілігі мол, мақсатты тұлға ретінде дамытты. Өмір мектебіндей болған үш анасының әрқайсысы оған белгілі бір қасиеттерді бере білді. Ең үлкен қарт анасы Жұмағыздан (әкесінің үлкен ағасы Кусаинов Сапаның әйелі) әділдікті, адал-

дықты, тектілікті алса, екінші анасы Мәрзиядан (әкесінің екінші ағасы Сақыпов Кәкімнің әйелі) қоғамшылықты, ауызбіршілікті, ал өз анасы Ағайдардан кішілерге қамқорлық, жауапкершілікті алған. Марзия анасы өте мейірімді болғандықтан елдің анасы атанды. Әкелері өмірден өткенде, балаларының бәрін оқытып, білім, кәсіп алуына мүмкіндік жасап, отбасы мен шаруашылықты өз қолына алған абзал ана. Үш ана да мейірім, бақыт сыйлады, осы үш мейірім бүгін Халелден ұрпағына тарап отыр.

Комбайншы болып еңбек еткен әкесі өндірісте озат болды, бірнеше рет Социалистік жарыстың жеңімпазы атанған, КСРО халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің күміс және қола медальдарымен марапатталды. Барлық техникаға деген бейімдік пен шеберлікті Халекен әкесінен бойына сіңірді. Әкесіне комбайн көмекшісі болып жұмыс істей жүріп, таң атпай тұрып жұмысқа баратын, егін салу мен орудың қыр-сырын меңгерді, егістікте астықтың масақтан қалай бөлінетінін көрді, егін шаруашылығының өте ауыр еңбекпен игерілетінін түсінді, егіс алқабында өзін дала кемесінің капитанындай сезінетін. Ал күн батқанда қатты шаршаса да әкесімен бірге үйге бақытты күйде оралатын, өйткені ол әкесінің өзіне толығымен сенетінін сезінді және бұл сенім Халелге болашақта өзіне сенімді болуды қалыптастырды. Әкесі өте таза, өзін-өзі ұқыпты ұстайтын, мінезінің осы қасиеті тұқым қуалааса керек, ол екі әкеден де тазалықты, еңбекқорлықты, жерге деген сүйіспеншілікті бойына сіңірген.

Ал Кәкім әкесі Халекенді өз жеріне, Отанына деген сүйіспеншілікке тәрбиеледі. Өмірлік өнегесі арқылы патриоттық тәрбие берді. Кәкім әкесі — Ұлы Отан соғысының ардагері, Кенигсберг қаласын азат ету шай-

қастарына қатысқан. Соғыстан кейін колхозда механизатор, кейін тракторегіс бригадасының бригадирі болып жұмыс істеді. «Кенигсбергті алғаны үшін», «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Ол өндіріс озаты ретінде де бірнеше наградалармен, «Коммунистік еңбек екліндісі», «В.И. Лениннің 100 жылдығы», «Тың көтергені үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін», «КСРО халық шаруашылығындағы табысы үшін» медалдарымен және көптеген бағалы сыйлықтармен марапатталған еңбек ардагері.

Осылайша, өзіне ең жақын жандардың тәлім-тәрбиесі мен үлгі-өнегесі, еңбек пен тұрмыстағы тәжірибесі болашақ ғалымның өмірлік бұлжымақ барометріне айналды.

Балалық шақтан жеткілікті тәрбие алған Халел ағамыздың бойында келген игі қасиеттер бар. Оның өмірлік ұстанымы — адамгершілік пен адалдық, парасаттылық пен өзара түсіністік. Қоғамдық ортада болсын немесе қауапайым қарым-қатынастардағы өзін ұстау мәдениетінің өзі оның бойындағы аталмыш қасиеттерді айғақтап тұратындығы. Сондықтан да болар, айналасындағылардың оның осындай адами құндылықтары мен кез-келген мәселені осы тұрғыдан шешуге ұмтылатындығын әрдайым жоғары қоятындығы. Бұл рухани құндылықтардың азыл-апыл, материалдық байлыққа аса қызығу үрдісі бой алып отырған мына заманда бүгінгі жастарға үлгі және жол сілтер бағыт болмақ. Осындай биік адамдық құндылықтарға негізделген іс-әрекеттің бұлағы, қайнар көзі оның туып-өскен, есейіп ер жеткен, азамат болып қалыптасқан ортасы болса керек.

Халел Хаймуллаұлының бойындағы біздің байқаған тағы бір жарқын қасиеттері — ұстамдылығы мен төзімділігі, уақыт өте келе айқындала түскен салмақтылығы мен байсалдылығы. Кез-келген іске тиянақтылықты талап ететіні, аса жауапкершілікпен қарайтыны тағы бар және үнемі шығармашылық ізденіс үстінде жүретін ғалым.

Отбасылық дәстүрлерге тәрбиеленген, азамат болып қалыптасқан, әрі өз бетінше жауапкершілікпен шешім қабылдау мүмкіндігіне ие болған Халекен 1971 жылы орта мектепті бітірген соң сыныптастарымен бірге Ресейдің Волгоград облысындағы Камышинский жоғары әскери училищесіне оқуға барады. Алайда, барлық емтихандарды ойдағыдай тапсырғанымен, табиғатпен, жермен үнемі байланыста өсіп жетілген жас жігіт бір түннің ішінде өз бетінше саналы шешім қабылдап, құжаттарын Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтының агрономия факультетіне тапсырады. Ол бұл шешіміне ешқашан өкінген емес, керісінше, өмірдегі болашақ жолын тандауға еркіндік берген ата-анасына риза еді. Таалапкерлер арасындағы бәсеке күшті болғанмен барлық қабылдау емтихандарын сәтті тапсырып, бірінші курсқа түседі.

Халекеннің университеттегі өмірі де өте белсенді болды, себебі ол оқыған топ іріктеуден өткен үздік оқушылардан құралған еді. Үздік оқу және қоғамдық белсенділік оны ғы-

лыми студенттік үйірмелерге қатысуға итермелейді, ол «Өсімдік шаруашылығы» кафедрасының доценті, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Клеменова Валентина Александровнамен бірге жеміс-жидек дақылдарының аурулары мен зиянкестерін зерттеу жұмыстарымен айналысады, алғашқы ғылыми тәжірибелер жасай бастайды. Зерттеу нәтижелері бойынша Кусаинов Халел студенттік ғылыми-практикалық конференцияларда баяндама жасайды. Сөйтіп В.А.Клеменованың жетекшілігімен дипломдық жұмыс жазды. Ұстазының жоғары кәсіпқойлығы мен педагогикалық шеберлігі студент Халелдің ғылыми ізденіске деген терең қызығушылығын оятып, зерттеу жұмысының әртүрлі әдістерін қолдануға мүмкіндік береді.

Университетті бітіргеннен кейін Халел Хаймуллаұлы комсомолдық жақсы өмір мектебінен өтеді, облыстық комсомол комитетінің жауапты қызметкері бола жүріп, Батыс Қазақстан облысының барлық шалғай аудандарын аралайды, жастарды халық шаруашылығының күрделі салаларының бірі — ауыл шаруашылығын дамытуға жұмылдырады. Комсомол қызметінде жүріп өлкенің атақты адамдарымен, өндіріс озатарымен, тәлімгерлерімен, көрнекті партия және үкімет қайраткерлерімен кездеседі. Бұл кездесулер жас жігіттің болашақ тағдырын Қазақстанның ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту қажеттігімен байланыстырады. Ауыл тұрғындарының сан алуан қырларын көріп, осы саланы терең ғылыми зерттеуге, оның даму факторлары мен көздерін анықтауға, білуге бетбұрыс жасайды. Міне, Халел ағамыздың тандаған ғылым жолы — ауыл шаруашылығы саласының экономикасы осы мезеттен басталады.

1983 жылы Халел Хаймуллаұлы Киевтегі Украина Ауылшаруашылық академиясының аспирантурасына түседі, 1987 жылы қаңтарда кандидаттық диссертациясын профессор М.А. Белоножконың ғылыми жетекшілігімен сәтті қорғайды. Ол Батыс Қазақстан жағдайында ауылшаруашылық өндірісін, атап айтқанда астық өндірісін интенсификациялау саласындағы ғылыми зерттеулерді жалғастыра отырып, ауыл шаруашылығының өзара әрекеттесуінің экологиялық-экономикалық жүйесі негізінде кең көлемді деректер мен материалдарды зерделей отырып, терең талдау жүргізеді. Ал Киевте ауыл шаруашылығы ғалымдарымен ғылыми-тәжірибелік зерттеулерге қатысады, Украинаның Одесса, Днепрпетровск, Чернигов, Киев, Сумы, Харьков қалаларындағы ірі зертханалар мен ғылыми орталықтарда жұмыс істейді. Ғылыми зерттеулердің нәтижелері Украинаның оң жағалауы мен Батыс Қазақстанның орманды даласында жүзеге асырылады. Нәтижесінде 2001 жылы Украина Аграрлық ғылымдар академиясының аграрлық экономика институтында 07/08/02 — Агроном-кәсіптік кешеннің ауыл шаруашылығы экономикасы мамандығы бойынша «Батыс Қазақстандағы ауыл шаруашылығын интенсификациялаудың экономика-энергетикалық және экологиялық негіздері» тақы-

рыбында экономика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі үшін докторлық диссертациясын да сәтті қорға шығады.

Ғылыми зерттеу барысында Украина батыры, академик П.Т.Саблук, академик Ю.А.Лупенко, академиктер Г.А.Қалиев, Т.И.Есполов, Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Н.И.Малик, профессорлар М.А.Белоножко, В.П.Мертенс, А.П.Тяпухин, А.С.Устименко, З.Б.Барисоник, А.Б.Молдашев, У.Ж.Алиев, А.Я.Шевчук, Л.А.Першко және И.Н.Свиданюк сияқты тұлғалармен достық қарым-қатынас орнату, халықаралық бірлескен ғылыми жобалар мен ғылыми-практикалық конференцияларды өткізуге де мүмкіндік берді.

Ол бүгінгі күнге дейін аграрлық сектордағы ғылыми зерттеулерге белсене араласып, ауыл шаруашылығы экономикасын халықаралық деңгейде дамытуды жалғастыруда, қазіргі таңда Ташкент Аграрлық университетінің диссертациялық кеңесінің мүшесі және Ғылыми-зерттеу институтының мүшесі. Өзбекстан Республикасы Карши инженерлік-экономикалық институтының «Инновациялық экономика» ғылыми-практикалық электронды журналының редакциялық алқасының мүшесі.

Халекен жаңалыққа құмар, үнемі ізденістегі азамат. Өмірлік тәжірибесі жастармен үнемі бөлісіп қана қоймай, әділ төрелігін айтып отыратын ұлағатты ұстаз. Жас ғалымдарға ғылыми бағыт-бағдар беру үшін Zhubanov University «Экономика және құқық» факультетінде ауыл шаруашылығы экономикасын дамыту мәселелері бойынша тұрақты жұмыс істейтін ғылыми семинардың жетекшісі, оған жыл сайын алыс-жақын аймақтардан жас ғалымдар, докторанттар мен магистранттар, практик мамандар қатысып, өз зерттеулерінің нәтижелерін баяндайды, пікірлерімен бөліседі.

Бұл ғылыми семинардың негізгі мақсаты — өңірдегі ауыл шаруашылығы саласын өркендетудің өзекті проблемаларын ғылыми-практикалық тұрғыдан зерделеу, аса қажетті деп танылған ой-тұжырымдарды атқарушы билік органдары арқылы жүзеге асыру тетіктерін анықтап, ұсыныс білдіру.

Шығыс аңыздарының бірінде «Егер бір рет жақсылық жасағың келсе аш адамды тамақтандыр және баланы еркелет, егер бір жыл жақсылық жасағың келсе, бау-бақша өсір, ал егер өмір бойы жақсылық жасағың келсе ұстаз бол да халықты оқыт» деген екен. Ғалым-ұстаз Х.Х.Кусаиновтың жарты ғасырға жуық ұстаздық еңбек жолында қанша шәкірттердің тәрбие-білім алғанын айтпасақ та түсінікті. Ал ғылыми жетекшілігімен 80-нен астам магистранттар диссертациялық жұмыстарын қорғаса, соншалықты ғылым кандидаттары зерттеу жұмыстарымен айналысып келеді.

Халекеннің ғылым саласындағы жақсылық еңбегі елденбей қалған жоқ. 2001 жылы Қ.Жұбанов Ақтөбе мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесінің шешімімен Құрметті профессор атағы беріледі.

2009 жылы Еуразия халықаралық экономикалық академиясының

толық мүшесі, 2010 жылы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының толық мүшесі болып, сол жылдары Қазақ АӨК ғылыми-зерттеу институты жанындағы кандидаттық және докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық Кеңестің (Алматы) мүшесі болып сайланды. Ал, 2011 жылы академик Х.Х.Кусаиновқа жарияланған ғылыми зерттеулердің (монографиялар, оқулықтар, мақалалар) және білікті ғылыми кадрларды даярлаудың нәтижелері үшін Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті экономика ғылымдарының профессоры ғылыми атағы беріледі.

Халекеннің тағы бір ерекшелігі — оның ұйымдастырушылық қабілетінің жоғарылығы. Кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін Батыс Қазақстан Ауыл шаруашылығы институтының тәрбие ісі жөніндегі проректоры, 1994 жылы қоғамдық-саяси қызметтегі мол тәжірибесі үшін агрономия факультетінің деканы болып тағайындалады. Осы кезеңде факультеттің кадрлық әлеуеті, профессорлық-оқытушылар құрамы нығаяды. Іскер басшының сауатты басқаруы нәтижесінде факультеттің оқу-әдістемелік, ғылыми-тәжірибелік мәдени-спорттық көрсеткіштері көтеріліп, үздіктер қатарынан көрінеді.

1995 жылы Ақтөбе педагогикалық институты көпсалалы жоғары оқу орны мәртебесін алып, халық шаруашылығы үшін жаңа мамандықтардың ашылуына байланысты ғылыми-педагогикалық кадрлар мәселесі көтерілгенде Ақтөбе облысының сол кездегі әкімі А.Е.Мусиннің, сондай-ақ Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің ректоры, академик К.К.Кенжебаевтың шақыруымен Х.Х.Кусаинов 1997 жылдың қазанында Әлеуметтік-экономикалық мәселелер және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор болып тағайындалады.

Болон процесінің элементтері, білім сапасын бағалау стандарттары, университеттерді бағалаудың рейтингтік жүйесі енгізіле бастаған 2006-2007 жылдары Х.Х.Кусаинов Болондық білім беру жүйесін тереңдетіп зерттеуге кірісіп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жаңадан құрылған ұлттық аккредиттеу орталығының жетекшілерінің бірі болып табылады. Барлық халықаралық сапа стандарттарын зерделеп, оны Қазақстан Республикасында іс жүзінде енгізу үшін Халел Хаймуллаұлы 2007-2014 жылдар аралығында С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің ректоры қызметін атқарады.

Ол басшылық еткен кезеңде ғылыми кадрлық әлеует артып, магистратура мен жаңа мамандықтар ашылады, халықаралық байланыс кеңейеді, университеттің материалдық-техникалық базасы нығайтып, студенттерді қабылдау екі есеге артады. Осының барлығы аталмыш оқу орнының беделін көтеріп, тұрақты ұжым қалыптасады, бір мезгілде «Мемлекеттік басқару және кәсіпкерлік» кафедрасын да бастайды.

БАҚЫТТЫҢ КІЛТІН ҒЫЛЫМНАН ТАПҚАН АЗАМАТ

(Соңы. Басы 4-5 беттерде)

2014-2017 жылдар аралығында жоғары оқу орындарының менеджері лауазымында үлкен тәжірибесі бар Х.Х.Кусаинов Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінің Ғылым және инновациялар бөлімін басқарып қана қоймай, ректор аппаратының жетекшісі, Экономика және құқық институтының директоры қызметтерін де атқарады.

декандық, проректорлық, ректорлық қызметте жүрсе де, алдыңғы толқын ағалардың ақыл-кеңесін тыңдап, ізет-құрмет көрсетіп, ал жастар жағына келгенде талап-талғамы биік едеттен танбаған басшы. Жоғарыда келтіргеніміздей ананың ақ сүті мен өкенің қаны арқылы берілген, туған жер табиғаты мен топырағынан нәр алған адамгершілік қасиеттерін, ұстаздық, ғалымдық, қоғамдық және



Барлық лауазымдарда Халел Хаймұллаұлы жастармен бөлісіп, тәлімгер ретінде жаңа жас менеджерлерді дайындаумен тұрақты айналысып келеді. Қазір «Мемлекеттік басқару, қаржы және маркетинг» кафедрасының Құрметті профессоры.

Ол тек мықты теоретик, ғалым-ұстаз, азамат-ұйымдастырушы ғана емес, сонымен қатар менеджер, маркетинг және бизнес салаларының тәжірибелі маманы. Ақтөбе облысындағы кез келген жұмыс орнында Халел Кусаинов азаматтық белсенділік танытып, қала мен облыстың кез келген тұрғынын толғандыратын өзекті, әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөнінде бұқаралық ақпарат құралдары мен теледидарда жиі сұхбат беруші, ақпараттық-насихаттық топтың тұрақты мүшесі. Бірнеше рет Қазақстан Республикасы Президенті және Парламент Мәжілісі, облыстың мәслихат депутаттарын сайлау жөніндегі қоғамдық штабты басқарды. Міне, Х.Х.Кусаиновтың азаматтық, ғалымдық, ұстаздық жолы келер ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық іс. Ғалымның қамқорлығын көрген, тәрбие-білімін алған ізбасарлары бұл күнде бір-бір тұлға. Бұл бөлек әңгіме желісі.

Соңында айтарымыз «Өмір ұзақтығымен өлшенбейді, мазмұнымен өлшенеді», — деп философ Сенека айтқандай, Халел ағамыз парасатты өмір сүріп келе жатқан абзал азамат. Өртүрлі жоғары оқу орындарында

басшылық қызметінде сақтай білген жан. Осындай тұлға болып, биіктерден көрінуіне жанын салып, рухани тұрғыдан демеу жасап, құт-берекесін келтіріп отырған бір жанды аса ілтипатпен айтуымыз орынды деп санаймыз. Ол сүйікті жары — Лариса Исламқызы. Осы тұрғыдан алғанда, мінезімен де, ақыл-парасатымен де, ғалым-ұстаздығымен де, адамгершілігімен де терезесі өзімен тең түсетін Лариса Исламқызы сияқты жарының болуы Халел ағамыздың шынайы бақыты деп білеміз.

Бұл күнде мерейтой иесі, профессор, академик Халекең мен Лариса Исламқызы ұлын ұяға, қызын қияға қондырған, немере сүйіп отырған абыз ата мен ардақты ана. «Адам бойында жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонбайды» деген екен Ж.Баласағұн бабамыз. Мінеки Халел ағамыздың жақсы қасиетіне орай бақ та, бақыт та қонған жан деп білеміз. Мерейлі жасыңыз құтты болсын! Бақыттың кілтін ғылымнан тапқан азаматты университет, факультет, кафедра ұжымдары атынан құттықтап, зор денсаулық тілеп, сексеннің сегіріне сергек, тоқсанға тоқырамай, жүзге жүгіре жетіңіз демекпіз. Еңбегіңіз жана берсін, мерейіңіз әрқашан үстем болсын!

Ғалым МҮСІРҰЛЫ,
Zhubanov University
қауымдастырылған
профессоры

✓ New branch of the department

В рамках практико-ориентированной подготовки будущих специалистов и обмена опытом школы и вуза кафедрой русской филологии и межкультурной коммуникации 29 сентября 2023 года был открыт филиал кафедры русской филологии и межкультурной коммуникации Zhubanov University в специализированной гимназии №21 им. Аль-Фараби г.Актобе.

НОВЫЙ ФИЛИАЛ КАФЕДРЫ



Делегацию университета во главе с деканом филологического факультета Ертлеуовой Б.Б., заместителем декана Умирбаевым А.С., PhD, заведующей кафедрой русской филологии и межкультурной коммуникации Абдуллиной Н.У., кандидатом педагогических наук, доцентом кафедры Халиммуллиной Н.Р. и студентами факультета 4 курса ОП «6В01704-Русский язык и литература в школах с нерусским языком обучения» радушно встретили директор гимназии Тойшиманова М.К., учителя Махамбетова Н.К., Кунакбаева К.М. и другие.

Основные задачи филиала заключаются в повышении качества подготовки специалистов с высшим и послевузовским образованием на основе максимального приближения учебного процесса к реальному производству; реализации практико-ориентированного дуального обучения; проведении совместных учебно-методических семинаров и коворкингов; в организации разработки и обсуждения МОП с учетом специализации; в осуществлении научно-исследовательских работ с привлечением обучающихся. В рамках дуального обучения в университете студенты осваивают научно-теоретический материал по методике преподавания

русского языка и литературы под руководством к.п.н., доцента Халиммуллиной Н.Р. и к.п.н., доцента Исламгалиевой В.Ж. На базе школы совместно с педагогом-мастером Есторе М.Д. студенты на практических занятиях обучаются процессу преподавания русского языка и литературы в современной школе с использованием инновационных технологий, активных методов и приемов обучения, интерактивных дискуссионных и игровых форм проведения занятий, знакомятся с принципами критерийного оценивания в условиях реализации обновленного содержания образования.

Признание важности факта открытия филиала кафедры русской филологии и межкультурной коммуникации Zhubanov University в СНГ №21 г.Актобе в целях обмена научным и методическим опытом отвечает запросам современного рынка труда и способствует практико-ориентированному дуальному обучению студентов-филологов.

Назгуль Абдуллина
Заведующая кафедрой
русской филологии и
межкультурной коммуникации
Zhubanov University

✓ Congratulations

Ұстазым - ұлағар



ЖАСАЙ БЕР, ЖАЙНАЙ БЕР ZHUBANOV UNIVERSITY!

РЕКТОР ЛАУРА ҚАРАБАСОВАНЫҢ 5 ҚАЗАН — ҰСТАЗДАР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ШАРАДАҒЫ МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қымбатты әріптестер!

Бүгін менің тағы да өзімнің сүйікті шәкірт қалпыма енетін кезім. Шара басында залға кірген университет ардагерлерінің легі маған алдымнан үлкен кеме өткендей әсер етті. Оларға құрмет көрсетіп, қолдарынан жетектеген жастарымыздың қылығы қандай жарасымды. Ара-ларында маған сабақ берген ұстаздарым бар.

Мерекелік көңілімізді қоңыр күздің бүгінгі шуақты, әсем күні де көтеріп тұр. Сіздерді әріптес ретінде, шәкірт ретінде Мұғалімдер күні мерекесімен құттықтаймын!

Бұл күн сонымен қатар өткенімізге шолу жасап, келешек бағыт-бағдарымызды айқындап та алатын сәт.

Бірлігі жарасқан үлкен ұжымымыздың жетістігі мол. Біздің университет қазір тек еліміздің батыс өңірінде емес, еліміз бойынша үздіктер қатарына қосылды. Жаңа оқу жылында ұтып алынған гранттар саны бойынша ұлттық ЖОО-ларды ғана алға салып, Топ-10 университеттер сапына қосылдық.

Ғылыммен айналысуға жағдай жасау мақсатында биыл да 20 оқытушыға "Оқытушы-зерттеуші" санатын бердік. 30 әріптесіміз "Болашақ" халықаралық байқауының жеңімпазы атанды. Олардың алғы тобы шетелде тәжірибе жинақтауға аттанды. 30-ға жуық жас мамандарымыз Алматы, Астана қалаларының алдыңғы қатарлы университеттеріне докторантураға оқуға түсті. Бірқатар оқу ғимараттарымызға жаңа үлгідегі жөндеу жүргізіліп, инфрақұрылымды жақсартуға тырыстық.

Осы жылдың ең басты жарқын жаңалығы ұлыбританиялық ең көне әрі ең беделді техникалық Heriot-Watt университетінің филиалына алғашқы 300 студентті қабылдағанымыз.

Бұл жетістіктер кездейсоқ оқиғалардың желісі емес, бұл бізге берілген сыйлық та емес. Бұл сіз бен біздің таза еңбегіміз бен тамаша үйлескен командалық жұмысымыздың нәтижесі.

Құрметті ұстаздар!

Университеттің дамушы, қозғаушы күші, трансформация көзі — сіздер! Сіздердің әл-ауқатыңыздың жақсаруы, сіздерге алаңсыз жұмыс жасауға жағдай жасау сондықтан басты назарымызда.

Әлемдік білім көшіне ілесу үшін екі жылдан бері оқытушыларға арналған тегін, сапалы ағылшын тілі курсын өткізіп келеміз. Бұл игі істің нәтижесін жоғарыда айтып өттім. Осы оқу жылы басынан оқытушылар мен қызметкерлердің жалақысы 20 пайызға, профессорлық ғылыми атағы бар оқытушылардың жалақысы 35 пайызға өсті.

Алдағы уақытта көпқабатты жаңа оқу ғимаратының құрылысы басталады, барлық оқу корпустары бүгінгі заманға лайық жөндеуден өтіп, оқытушылардың жұмыс бөлмелерімен бірге демалыс бөлмелері де жабдықталады.

Бүгінгі мерекелік кешіміздің қонақтары, ылғи сырттай тілекші, жанашыр болып жүретін — ардақты ардагер-ұстаздарымызға университет төрі сіздер үшін әрдайым дайын, ортамызда аман-сау жүріңіздер дегім келеді.

Құрметті жұбановшылар!

Кәсіби мерекеміз құтты болсын! Ортақ үйіміз, білім ордамыз жасай берсін, жайнай берсін!

✓ **Faculties**

Special pages
Арнайы беттер



ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ: ЖОҒАРЫ



едік. Жаңа жұмыс орындары пайда болатын еді. Еліміз пайдалы қазбаларға бай, біздің мақсатымыз сол байлықты өзімізде өндіріп, игеру. Жақын арада қуантатын жағдай болды. Жекеме «Бутадиен» ЖШС компаниясының менеджерлері хабарласып, біз жүргізіп отырған білім бағдарламасына қызығушылықтарын танытып, университет басшылығымен, оқытушылармен кездесті. Бұл компания «ҚазМұнайГаз» сияқты ірі компанияның баламасы. Кездесу барысында келісім шартқа қол қойылды және де әрі қарай даму жоспары талқыланды. Нәтижесінде, компания барлық түлектерді 100% жұмыс орындарымен қамтитын болды.

сы Қасым-Жомарт Тоқаев нақтылап айтып жүр. Яғни ауыл шаруашылығы — мемлекетті дамытатын сала. Қазақстан жерінің көлемі жағынан дүние жүзінде тоғызыншы орында бола тұра (жайылымның көлемінен — бесінші, егістіктің аумағынан — екінші), өз халқын осынша жерден алуға болатын экологиялық таза өнімдермен қамтамасыз ете алмай отыр. Маман ретінде не айтар едіңіз?

— Адамзат үшін азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі әрқашан болған. Азық-түлік қауіпсіздігі жеке адам, адамдардың кез келген тобы және толығымен алғанда қоғамның қажетті материалды жағдайы болып саналады, демографиялық, эко-

ӘР МАМАНДЫҚТЫҢ ЕРЕКШІЛІКТЕРІНЕ ҚАРАЙ ЗАМАНАУИ ЗЕРТХАНАЛАР ЖАБДЫҚТАЛҒАН

Жаратылыстану факультетінің деканы, химия ғылымдарының кандидаты, доцент Апендина Айнагүл Кеңесқызы Zhubanov University түлегі. Ол ЖОО-ны 1996-2001 жылдар аралығында «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша бітірген. Туған университетінде 2010 жылдан бастап қызмет жасап келеді.

Атырау қаласындағы Мұнай және Газ институтының аспирантурасын аяқтаған соң, «Синтез, строение и свойства алкиламантанов» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, 02.00.13 — «Мұнайхимия» мамандығы бойынша химия ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алады.

2018-2022 жылдар аралығында «Химия және химиялық технология» кафедрасының меңгерушісі болған, 2022 оқу жылынан бері «Жаратылыстану» факультетінің деканы қызметін атқарып келеді.

40-тан астам ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы.

А.К.Апендина университеттегі базалық инженерлік-химиялық білімі бар жетекші мамандардың бірі.

Стратегиялық ой-өрісі жоғары, талапшыл, факультеттегі ғылым-педагогикалық және тәрбие жұмыстарын шебер ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленетін деканмен әңгімелескен журналист Гүлнара Қараша.

— Айнагүл Кеңесқызы, алдымен өзімді аса қызықтырған сұрағымнан бастайын. Сіздің іскерлік басшылығыңыздың нәтижесінде факультеттегі білім алушылар контингенті 20 пайыз өсіпті. Маркетингтік тәсіліңіздің сырымен бөліссеніз.

— Факультет тұрақты дамуда, бұл жетістікке кафедра меңгерген кезде үлкен команда болып жеттік деп айта аламын. Ал факультет контингентінің басым бөлігін Химия және химиялық технология кафедрасы құрайды.

2018 жылы желтоқсан айында кафедра меңгерушілігін бастаған кезімде, шынымен де кафедрада оқытушы көп, білім алушылар саны аз болды. Барлығына сағат керек, жұмыс керек дегендей, алғашқы ойым, кафедраға жаңа леп беретін мамандықтар ашу және жас мамандар тарту болды. Бұл тұста маған біраз жылдар бойы техникалық факультетінде кәсіби бағдар беру жұмыстарына жауапты болғаным септігін тигізді. Қабылдау комиссиясы кезінде абитуриенттермен тікелей сөйлесу арқылы, қандай мамандықтарға сұраныс тағатынын екенін байқайтынмын. Және де еңбек нарығын анализдеу арқылы, кафедраның мүмкіншілігіне қарай инновациялық «Мұнай-химия өндірісінің технологиясы» және жаңа «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» білім бағдарламаларын аштық. Өзім кандидаттық диссертациямды мұнай-химия саласы бойынша қорғадым, ал «Мұнай-химия» бойынша білім бағдарламалары Қазақстанда мүлдем жоқтығын, мамандар да тапшы екенін байқадым. Неге «Мұнай-химиясы» десеңіз? Көбіне жер қойнауынан алынған мұнай әрі қарай өңделмей, экспортқа басқа елдерге жіберіледі. Егер өзіміз игеретін болсақ, заманауи зауыттар салсақ, экономикаға сүбелі үлес қосатын болар

«Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» білім бағдарламасына келетін болсам, бұл бағдарламаны ашу көптен ойлап жүрген арманым еді. Себебі Ақтөбе қаласында сол бағдарламамен төрт колледж білім береді. Ал жоғары оқу орнының дипломын алу үшін, жастарға басқа қалаға барып оқу қажет. Жылда кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізген кезде колледж түлектері осы мамандықты сұрайтын. Білім бағдарламасын ашу өте сәтті болды. Ашылған жылы, бірден жүзге жуық студент грант орнының иегері атанды. Қазіргі уақытта 400 студент білім алуда. Ойымызда осы білім бағдарламасы бойынша магистратура ашу.

— «Ауыл шаруашылығын дамыту — негізгі проблеманың бірі. Осы саладағы ахуал мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді» деп Мемлекет басшы-

номикалық, саяси, мәдени, ақыл-ой және т.б. дамуының қызметін және мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Сондықтан тұрғылықты халықты тұрақты және қауіпсіз азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі аса маңызды мемлекеттік міндеттердің бірі болып табылады, ұлт денсаулығы едәуір деңгейде соның шешіміне тәуелді болады. Азық-түлік шикізаты және олардан өңделген өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігі мәселесін шешу проблемасы — Қазақстан халқының салауатты тамақтану саласындағы мемлекет саясатының концепциясын іске асыру жөніндегі басым бағыттардың бірі.

Бүгінде ауыл шаруашылық өнімдерінің өнімділігін арттыру мақсатында пайдаланылатын әдістерді негіздеп, ауыл шаруашылығын

Факультет жұмысының басты басымдығы нарықтың талаптарына сай және қарқынды дамып келе жатқан өндіріске негізделген жоғары сапалы білім беру. Негізгі міндет — жаратылыстану бағытындағы білім мен ғылымның қажеттіліктерін қамтамасыз етуде инновациялық-бағдарланған, кәсіби және ғылыми құзыретті, еңбек нарығында сұранысқа ие жоғары білікті, бәсекеге қабілетті педагог кадрларды даярлау.

Жаратылыстану факультеті 1978 жылы ақпан айында құрылып, «Химия – биология» мамандығына 50 студент қабылдады. 1986 жылы «Химия-экология» мамандығы ашылды.

Қазіргі уақытта факультет құрамы 3 кафедранан тұрады: «Биология»; «Экология»; «Химия және химиялық технология».

Профессор – оқытушылар құрамының ғылыми дәрежелігі 50% құрайтын факультетте 60 профессор-оқытушылар 1000 астам білім алушыларды бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптастыру мақсатында сапалы білім мен саналы тәрбие береді.

САПАЛЫ КӘСІБИ БІЛІМ ЖӘНЕ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУ

экологизациялау жолдары жүзеге асырылып жатыр:

Мал шаруашылығында ет пен сүттің сапасын жақсарту, тағам өнімдерінің биологиялық құндылығын арттыру мақсатында биологиялық нысандар ретінде бактериялар, балдырлар, ашытқы саңырауқұлақтарынан азықтық ақуыздардың алынуы;

Ауылшаруашылығында маңызды болып саналатын мал азығын құнарландыру мақсатында сүрлемнің дайындалуы;

Топырақ құнарлылығын арттыру жолында биогумустың ерекше рөлі оның топырақтың барлық қасиеттеріне және оның биологиялық белсенділігіне әсер ететін биогумустың жасалуы.

Толығымен алғанда жоғарыда көрсетілген іс-шаралар — олардың орындалу және бақылау тиімділігін қамтамасыз ететін мақсатқа бағытталған мемлекеттік бағдарламалар және жобаларға біріктірілуі тиіс. Мемлекеттік жобалар шеңберінде жекелеген аймақтардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, тиісті бағдарламаларды әзірлеу қажет деп санаймын.

— Есімде, жаратылыстану факультеті ағылшын тілінде оқытуды оқу процесіне енгізген алғашқы құрылымның бірі. Осы практика өлі жүре ме? Нәтижесі қалай болды?

— Ия, нәтижелі жүріп жатыр. Жоба аясында көптеген оң қадамдар жүзеге асуда. Қазіргі таңда ағылшын тілінде сабақ беретін оқытушылар саны артты. Ағылшын тілін меңгерген студенттер «Үйрен-бөліс» жобасы бойынша Назарбаев зияткерлік мектебінде педагогикалық практикадан өтеді. Және де осы білім бағдарламаларымен оқыған түлектер жоғары сұранысқа ие. Сондай-ақ, Үйрен-Бөліс жобасының түлектері шет елдерде білім алып, республикалық конкурстарда жүлделі орын иеленуде. Түлектерге магистратураға түсуге септігін тигізеді.

— Факультеттің материалдық базасы сай ма? Даярланатын мамандықтарға қажетті лабораториялар жеткілікті ме?

— Әрине! Жыл сайын материалдық базамыз жақсаруда. Оған мол үлес қосып отырған университет әкімшілігінің және кафедра меңгерушілерінің еңбектері зор. Әр мамандықтың ерекшеліктеріне қарай заманауи зертханалар жабдықталған. Мысалы, атап айтатын болсам,

технопаркте құны 100 млн тұратын, итальяндық «Химиялық өндірістегі процестер мен аппараттар» оқу-зертханалық аудиториясы бар, университет аумағында биологтарға арналған екі жылыжайымыз бар. Жылыжайда студент, магистранттардың көптеген ғылыми жұмыстары нәтижелі жүрде.

— Профессор-оқытушылық құрам жастармен толығып жатыр ғой қазір. Қандай мықты мамандар қатарларыңызға келді?

— Факультетімізде қазіргі уақытта оқытушы жастар саны 30% құрайды. Барлығы да жұмыстарын жақсы атқарып, білім алушылармен жұмыс жасауда. Ағылшын тілін жетік меңгерген, докторантураға түсуге дайын жас мамандарды атап өткім келеді. Давлетяров Анарбек Аманұллаевич, Экология кафедрасының меңгерушісі, Тренова Арайлым Егізгереевна (докторлық жұмысын аяқтап, қорғауға дайындалып жүр) Химия және химиялық технология кафедрасының меңгерушісі. Сондай-ақ оқытушылар Нұрдаулетова Тоғжан мен Кемалова Назеркенің ағылшын деңгейлері өте жоғары

— Өзіңіз болашағыңыздың бағытын қалай анықтадыңыз? Оған отбасының қатысы болды ма?

— «Бала үйінде не көреді, соны ескенде жасайды» дейді ғой. Ойымша менің техникалық мамандықты таңдауыма себепкер болған әкем. Әкем темір жол саласында мықты тапшы маман болатын, кәсіргі уақытта анам екеуі зейнеткер. 90-шы жылдары жұмысастарының көбі сырттай АЛИИТте оқитын. Қиналған кезде әкемнен көмек сұрап келетін. Түнімен ұйықтамай соларға сызба есептеріне көмегін беретін. Өзі де сол АЛИИТті сырттай болсада, қызыл дипломмен аяқтады, тіптен, сол жақтың профессорлары әкеме оқытушы болып қалуды ұсынған, онымен қолында ата-анасы болғандықтан еш жаққа бармаған. Мақтанғаным емес, бірақ, жасы жетпістен ассада «Жоғары математика», «Теориялық механика», «Сопромат», «Сызу» секілді пәндерді жатқа біледі. Әкем түнімен ұйықтамастан кітап оқып, таңмен жұмысына баратын. Сол әдет менде де қалыптасқан. Бір-екі ауыз сөз анам туралы да айта кетейін. Анашым да шебер, қолынан келмейтіні жоқ. Тігуді жақсы көреді, әр түрлі ас дайындайды. Неміс тілін жетік меңгерген.

”

Мекенжайы:

Ө.Молдағұлова даңғылы 34.,
М.Арын атындағы оқу ғимараты,
6 қабат 613 каб

E-mail: zharatylystanu.arsu.edu@mail.ru

Сайт: <http://fe.arsu.kz/>

Facebook: Жаратылыстану Факультеті

Instagram: zhubanov_fe, fe_otbasy

ZHUBANOV UNIVERSITY ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

Факультетте сапалық құрамы талапқа сай жоғары білікті профессор-оқытушылар қызмет жасайды, оның ішінде 1 – ғылым докторы, 28 – ғылым кандидаттары, 1 – Ph.D. доктор, 24 – магистрлер. Штаттағы оқытушылар үлесі – 95% құрайды.

Биология кафедрасының (Кеубасова Г.У.) және Экология кафедрасының оқытушылары (Жаппарова Б.К.) халықаралық «Болашақ» стипендиясының иегерлері атанды және шетел университеттерінде (Швейцария, Нидерланды, Ұлыбритания) біліктіліктерін арттырды.

Факультеттегі оқу үдерісін жоғары білікті мемлекеттік және ведомстволық марапаттары бар профессор-оқытушылар жүзеге асырады, оның ішінде «Құрмет белгісі» – 1, ҚР БҒМ «Құрмет грамотасы» – 4, «ҚР Білім берудегі Үздік» құрмет атағы – 1, «ҚР ғылымын дамытудағы еңбегі үшін» төс белгісі – 1, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік стипендиясының иегерлері – 3, атаулы төсбелгі иегерлері – 17, Ақтебе облысы әкімінің «Жас ғалым» жүлдегері – 2.

Жаратылыстану факультетінің дамуы оның материалдық-техникалық базасын нығайтумен, оқу-әдістемелік және ғылыми зерттеулер деңгейін көтерумен, оқу орындарымен және ғылыми мекемелермен өзара байланысты нығайтумен тығыз байланысты.

Факультеттің материалдық – техникалық базасы 64 аудиториядан тұрады. Олардың ішінде дәріс – 2, аудиториялар – 20, оқу зертханалары – 8, оқу-әдістемелік кабинеттер – 3 және 2 оқу-ғылыми зертхана.

Білім беру бағдарламалары Бакалавриат

6B01505	Биология
6B05101	Биология
6B05102	Биотехнология
6B05201	Экология
6B07104	Экоэнергетика
6B05202	Экотехнология және тұрақты даму
6B01504	Химия
6B01507	Химия-Биология
6B05302	Химия
6B07105	Химиялық инжиниринг
6B07206	Азық-түлік өнімдерінің технологиясы
6B07205	Мұнай-химия өндірісінің технологиясы

Магистратура

7M01505	Биология
7M05101	Биология
7M05201	Экология
7M05203	Экология
7M05204	Экология
7M01504	Химия
7M07102	Органикалық заттардың химиялық технологиясы



Faculties

Special pages Арнайы беттер



ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ: ЖОҒАРЫ

Адманова Гүлнұр Болатқызы. Zhubanov University Биология кафедрасының меңгерушісі, биология ғылымдарының кандидаты, Қазақстанда жаңадан ашылған «Биотехнология» мамандығының алғашқы түлегі. Қазақ тамақ өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институтында «Биотехнология» мамандығының күндізгі бөлімінің аспирантурасында оқыған.

2006 жылы Ұлттық биотехнология орталығындағы диссертациялық кеңесте биология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алуға кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты.

«Ғылым мен техникаға үлкен үлес қосқан жас талантты ғалымдарға, ғалымдар мен мамандарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендиясының» стипендианты атанған.

2009 жылы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының «Үздік оқытушысы» атағын иеленген.

Генетика және физиология институтында «ДНҚ оқшаулау, полимеразды тізбекті реакция және рестрикциялық талдау әдістерін меңгеру және тәжірибеде қолдану», Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Молекулалық биология», Назарбаев университетінде «Қазақстанда STEM саласында мұғалімдерді даярлауда педагогикалық және ғылыми-зерттеу әлеуетін (ЖОО) арттыру: ғылыми-практикалық әріптестік» курстарынан өткен.

Г.Б.Адманованың 49 мақалалары мен тезистері бар, оның ішінде Web of Science, Scopus — 6, ҚРҒЖБМ БҒСБ — 17, 7 авторлық куәліктің иегері, РООК — 1, оқу, әдістемелік құралдары — 5, монография — 1 баспадан шығарған және 3 электронды оқулықтың авторы.

Сұқбат жүргізуші Гүлнұра Қараша.

— Ғылыми-педагогикалық жұмыс өтіліміз 20 жылдан асыпты. Жұмысыңыз өзіңізге ұнай ма?

— Иә, ғылым мен білім жолында еңбек етіп, жас ұрпақ тәрбиесіне үлес қосып жүргеніме 20 жылдан астам уақыт болды. Ғылыми-педагогикалық еңбегімнің әр күнін, әр сағатын сапалы, тағылымы мол білім беруге, ғылым жолында өзіндік үлесімді айтарлықтай қосуға, саналы ұрпақ тәрбиелеуге арнап, еліміздің ғылыми дамуына үлес қосуды мақсат еткен, жаңашыл-

ғылымға деген қызығушылығымды арттырып, елімнің білім және ғылым салаларындағы дамуына үлес қосуға ұмтылған мақсатымды айқындап, кәсібилігімді шыңдау жолымда жақсы адамдардың, ғалымдардың кездесуі менің мамандыққа деген сүйіспеншілігімді одан сайын арттырды. Осы орайда, зерттеу жұмыстарын атқаруда өз тәжірибелерімен бөліскен ҰҒА академиктері, биология ғылымдарының докторлары Тулемисова Клара Ахмедьевна, Жұбанова Ажар Ахметовна, Макажанова Хапица Хасе-



ЖҰМЫС БАРЫСЫН ЖОСПАР БОЙЫНША БАСТАУ — МАҢЫЗДЫ ҚАҒИДАЛАРЫМНЫҢ БІРІ

дыққа ұмтылып, өзінен де, өзгеден де үнемі ізденісті талап ететін мен үшін қазіргі айналасында жүрген жұмысым, білім саласындағы жаңашылдыққа ұмтылу, жаңа технологиялар, оқыту тәсілдерін ұдайы меңгеру және ұрпақ санасына сіңіре білу ұнайтыны сөзсіз.

— Елімізде биотехнология мамандығы тренд болған жылдары сол бағытты таңдапсыз. Неге қызықтыңыз?

— Мамандық таңдау — өмірде қателеспейді қажет ететін, болашағыңды алдын ала жоспарлап, бағытыңды айқындаудағы маңызды, саналы түрдегі шешімді қажет ететін әрекеттердің бірі. Елімізде биотехнология ғылымының енді ашылып, ауылшаруашылығы, медицина, тағам өндірісі, қоршаған ортаны қорғау салаларындағы өзекті мәселелерді шешудегі рөлі айқындалып, республикамыздың экономикалық дамуы жолындағы ғылыми жаңалықтарға бастау алар маңыздылығы арта бастаған уақытта бұл мамандықты таңдауым жақындарымның бағыт-бағдары мен өзімнің жан-жақты ізденіп, болашақ маман ретіндегі сыни көзбен қарауымның нәтижесі деп ойлаймын. Сол жылдары трендке айналған мамандықта білім алып,

новна ғалымдардың атын ерекше атап кеткім келеді. Білім және ғылым сәнімен сусындаып ғана қоймай, тәрбиені нәріміне сіңдіріп, кәсіби маман болып қалыптасуымда өзіндік үлестерін қосқан болатын.

Ғылымның маңызын түсініп, мәнін айқындауда, зерттеушілік, ізденімпаздық қасиеттерімді ұштауда айтарлықтай үлес қосқан тұлғалардың бірі — биология ғылымдарының кандидаты, доцент Мукашева Ғалия Мустафьевна. Университетте 3-курста оқып жүргенде микробиология пәнінен оқыған дәрістері, жүргізген зертханалық сабақтары биотехнология ғылымына деген қызығушылығымды арттырып, мақсатымның айқындалуына зор септігін тигізді.

Оқуымды аяқтағанда еңбек жолымды өндірісте жалғастыруға мүмкіндіктер болды. Алайда, өмірімді ғылыми-педагогикалық бағытқа арнауы жөн дедім. Заман ағымына қарай, технология мен техниканың дамыған шағында ғылым көшінде оза шауып, креативті ойлай білетін жастармен жұмыс жасау қызықтырақ көрінді, шынында да жастармен жұмыс жасау кезінде ғылыми ізденістерге деген құлшыныс артады.

— Асқазан-ішек ауруларына байланысты АҚШ-тың халықаралық жобасына қа-тысқан екенсіз. Бұл үлкен тәжірибе деп есептеймін. Барысын, нәтижесін әңгімелеп берсеңіз.

— Пробиотиктердің антибиотиктерден айырмашылығы, қалыпты микрофлораға теріс әсер етпейді, бұл оларды жедел ішек инфекцияларын және дисбактериоздарды емдеуде қолдануға мүмкіндік береді. Пробиотиктерді қолданудың жоғары тиімділігі олардың ағзаның инфекцияға қарсы тұрақтылығын арттыру, кейбір жағдайларда аллергияға қарсы әсер ету, ас қорытуды реттеу және ынталандыру қабілетіне тікелей байланысты келеді. Пробиотиктерді жоғары концентрацияда қолдану физиологиялық және ағзаға экологиялық зиянсыз.

Пробиотикалық препараттарды жасаудың жаңа бағыты макроорганизмнің тіршілік әрекетін табиғи жағдайда сақтау болып табылады, атап айтқанда, патогендік микрофлораның, соның ішінде асқазан-ішек жолдарының өсуі мен дамуын тежейтін қасиеттері бар сапрофит бактерияларын табиғи ортадан оқшаулау.

Осыған байланысты пробиотикалық препа-

САПАЛЫ КӘСІБИ БІЛІМ ЖӘНЕ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУ

раттарды жануарлар мен адам ағзасында мекендейтін жерлерде патогендік және шартты-патогендік микрофлораның өсуі мен дамуын тежеуге арналған әртүрлі препараттық нысандарда қолдану ең перспективалы және өзекті болып табылады.

Сондай-ақ, тағамды микробиологиялық лас-танудан қорғау үшін сүт қышқылы бактерияларының және олардың консорциумдарының жаңа белсенді штамдарын іздеу, олардың әсер ету механизмін, қолдану аясын және микроор-ганизмдердің антагонистік қасиеттерін артты-руға ықпал ететін факторларды зерттеу өзекті болып қала береді.

Өзім аспирантурада оқыған зерттеу институ-тының «Микробиология және биотехнология» зертханасының қызметкерлері және ғылыми жетекшісі Г.Н.Дудиковаңың жетекшілігімен АҚШ-тың «Адамның, жануарлардың және құс-тың асқазан-ішек ауруларын тудыратын пато-гендік микроорганизмдермен тағамның ласта-нуын болдырмау үшін жаңа пробиотик алудың ашыту технологиясын құру» К-582 жобасы 2003-2005 жылдары халықаралық ғылыми-тех-никалық орталығының аясында орындалды. Бұл жобаға орындаушы ретінде қатыстым. Менің тікелей атқарған зерттеуім: пробиотик алу үшін сүт қышқылы бактерияларын бөліп алу, бөлініп алынған сүт қышқылы бактерия-ларының негізінде консорциум құру, көптеген патогендік және шартты патогендік микроор-ганизмдерге және антибиотиктерге төзімді мик-роорганизмдердің штамдарына қатысты жоғары антагонистік белсенділігін зерттеу, ас қоры-туды айтарлықтай реттеуге және ынталанды-руға мүмкіндік беретін жоғары ферментативті белсенділігін анықтау, антиаллергенді және уыттылыққа қарсы әсерін бағалау бойынша жалпыға бірдей стандартты әдістермен зерт-теу жұмысы жүргізілді.

Нәтижесінде, қойылған міндеттерге сәйкес пробиотикалық «Биоконс» препаратын өнер-кәсіптік өндірісте сүт қышқылы бактериялары-ның консорциумын өсіру процесі модельденді. Консорциум 4 дақылдан тұрады: *L. brevis*-67, *L. casei* var. *alactosus*-22, *L. fermentum*-104, жә-не *L. plantarum*-2, және монокультуралармен салыстырғанда шартты-патогенді микрофлораға қатысты жоғары антагонистік қасиеттерге ие болды. (ҚР патенті № 8945). Консорциум-ның өсіру режимдері зерттелді және биомасса-ның ас қорқыны төмендеген кезде консорци-умның антагонистік белсенділігі өсірудің екінші сатысында өсетіні анықталды, бұл антибиотик — пептид бактериялардың қайталама мета-болизмінің өнімі екенін көрсетеді. Пробиотикті өнеркәсіптік өндіру үшін сүт қышқылы бактерия-лары консорциумын өсіру үшін қоректік орта-ның оңтайлы құрамы анықталды. Препаратты лиофильді кептіру режимдері және «Биоконс» құрғақ препаратын өнеркәсіптік алу технология-сы және технологиялық нұсқаулық әзірленді.

Қазіргі ғылым мен техниканың дамыған кезінде осындай зерттеулер гендік-молекуляр-лық деңгейде жүргізілуде және өзекті болып та-былады.

— Кафедра меңгерушісі қызметінде ең-бек етіп жатқаныңызға біраз жыл болды. Құрылым жұмысы қалай дамып жатыр?

— Білікті маман, саналы ұрпақ тәрбиелеу жолындағы атқарылатын еңбек үлкен жауап-кершілікті, аса ізденімпаздық пен жаңашыл-дықты қажет етеді. Осы орайда, кафедраның профессор-оқытушылар құрамының атқара-тын рөлі зор екенін атап өту керек.

Кафедраның миссиясы — биология ғы-лымдарының салалары бойынша алдыңғы қа-тарлы ғылыми-зерттеу, білім беру және әдісте-мелік орталықты қалыптастыру.

Кафедрада биология, педагогика, медици-на ғылымдарының кандидаттары, Ph.D., аға оқытушылар білім мен ғылым жолында қыз-мет атқаруда, шет мемлекеттердің жоғары оқу орындарында білім алған, қызмет атқарған, ха-лықаралық оқу орталықтарында біліктіліктерін арттырған оқытушылар дәріс беріп, әлемдік тәжірибелерімен бөлісуде.

Кафедрадағы оқу-әдістемелік, ғылыми, ака-демиялық ұтқырлық бағдарламасы аясындағы жұмыстар қарқынды дамуда, атап өтетін бол-сақ:

- 6B01505 — «Биология», 6B05101 — «Био-логия», 7M05101 — «Биология» білім бағдар-ламалары ҚР АРТА мамандандырылған ак-кредитациясынан сәтті өтіп, 5 жыл мерзімге (05.12.2021ж.-04.12.2026ж.) аккредитациядан өту сертификатын алды.

- 6B01505 — «Биология» білім бағдарлама-сы 2017 жылғы Қазақстан Республикасы Аккре-диттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі рей-тингісіне қатысушы жоғары оқу орындарының арасында 3 орынға ие болды.

- 7M01505-«Биология» білім бағдарлама-сы ARQA аккредиттеу және білім беру сапасын сараптау тәуелсіз агенттігінен 5 жыл мерзімге (12.06.2020ж. – 11.06.2025ж.) мамандандырыл-ған аккредиттеуден өтті.

- 6B05102-Биотехнология білім бағдарла-масы Қазақстанның Инженерлік Білім Ассоциа-циясы KazSEEден 5 жыл мерзімге (23.12.2020 – 22.12.2025) аккредиттелді.

- ЖОО-ры білім бағдарламаларының рей-тингісінде жүлделі позициясында, соңғы 5 жыл бойы 6B01505 - Биология ББ алғашқы 3-тікте орналасты.

- 7M01505-Биология, 6B05102-Биотехноло-гия білім бағдарламалары алғаш рет Ұлттық реестрге енді.

- Үштілділік бағдарламасын іске асыру үшін 6B01505-Биология білім бағдарламасы ағыл-шын тобы ашылып, оқу үрдісіне ағылшын тілін-дегі элективті курстар енгізілді.

- Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы, мамандардың сапалы дайындығы үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестігі мен университеттің ғылыми кеңесіне жоспар бойын-ша оқулықтар, оқу құралдарын, дәрістер жина-ғын, практикалық сабақтарға арналған әдісте-мелік нұсқаулықтар әзірленді. Жекеленген пән-дер бойынша жаппай ашық онлайн курстары жазылды, электронды оқулықтар дайындалды, авторлық куәліктер алынды.

- Білім алушылардың сыртқы және ішкі ака-демиялық ұтқырлық жұмыстары қарқынды түр-де жүргізілуде. 2017 жылдан бастап Биология кафедрасы қызмет ететін білім бағдарламала-рының білім алушылары сыртқы (Пекин педа-гогикалық университеті, Қытай; Теннеси техни-калық университеті, АҚШ; Витаутас Магнус университеті, Литва; Башқұрт мемлекеттік уни-верситеті, Башқұртстан; Тонмень университеті, Оңтүстік Корея; Сакария университеті, Түркия; Кастамону университеті, Түркия; Хаджеттепе университеті, Түркия; Онсекиз Март Чанаккале университеті, Түркия; Приморская Академия, Польша) және ішкі (Абай атындағы ҚазҰПУ, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық универси-теті, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау уни-верситеті, Алматы технологиялық универси-теті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті) академиялық ұтқырлық бағдар-ламасы бойынша білімдерін жалғастырды, әлі де жалғастыруда.

(Жалғасы 12-13 беттерде)



Faculties

Special pages
Арнайы беттер

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ: ЖОҒАРЫ

(Соңы. Басы 10-11 беттерде)

Сондай-ақ, кафедра мен басқа ЖОО-ның профессор-оқытушылар құрамы да сыртқы (Орынбор мемлекеттік педагогикалық университеті) және ішкі (Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, М.Өтемісов атындағы Батыс-Қазақстан университеті, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Қазақ-түрік университеті, Алматы технологиялық университеті, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті) академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында онлайн және оффлайн режимде дәріс, практикалық сабақтарын жүргізді.

• Мекемелерде кафедра филиалдарының ашылуы мен дуалды оқыту элементтерін білім

ЖҰМЫС БАРЫСЫН ЖОСПАР БОЙЫНША БАСТАУ —
МАҢЫЗДЫ ҚАҒИДАЛАРЫМНЫҢ БІРІ

беру процесіне енгізу мақсатында кафедраның серіктес филиалдарымен бірлесе отырып, білім бағдарламаларына кафедраның тұрақты стейкхолдерлер тарапынан ұсынылған элективті курстар енгізіліп, жоспарға сәйкес кейбір пәндер өндіріс орынында өткізілуде. Кафедрамен серіктес филиалдар ретінде қала мен ауданның орта мектептері, колледждер, зерттеу институттары, зауыттар мен фабрикалар, табиғат қорғау мекемелері, биоалуантүрлілікті сақтау ұйымдарымен өңірдің дамуында өзекті болып табылатын мәселелердің зерттелуіне баса назар аударылып, іс шаралар өткізіліп тұрады. Қазіргі күні 13 кафедра филиалдарымен келісім шарт жасалып, жоспар бойынша жұмыстар жасалуда.

• «Назарбаев зияткерлік мектебінің» физика-математика бағытындағы Ақтөбе филиалы мен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті арасында жасалған 2016 жылдың 25 ақпанындағы меморандум негізінде «Үйрен-Бөліс» дуалды оқыту жобасы 2017-2018 оқу жылынан бері жүзеге асып келеді.

• Шетелдік мамандарды білім беру қызметіне тарту мақсатында Ресей Ғылым академиясының Сібір бөлімі, Кузбасс ботаникалық бағының директоры, биология ғылымдарының докторы, профессор А.Н.Куприянов, Памуккале университетінің Ph.D. докторы Рефика Джейда Берам дәріс, практикалық сабақтарын, мастер класс өткізді, гербарий қорымен жұмыс жасады.

Алдағы уақытта Белорус мемлекеттік университеті, Ботаника кафедрасының меңгерушісі, б.ғ.к., доцент В.Н.Тихомировтың келіп, академиялық және ғылыми жұмыстарды жүргізуі жоспарлануда.

• Кафедраның оқытушы-ғалымдары мемлекет тарапынан қаржыландырылатын жыл сайын жарияланатын жобаларға қатысуда. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуіне жетекшілік қызмет атқарып, республикалық, халықаралық деңгейдегі олимпиада-

лар, байқауларда жүлделі орындарды иеленуде.

2020-2022 жылдары аралығында университеттің ішкі қаржыландыруымен «Ашық және қорғалған топырақта отандық селекциялық қияр сорттарын өсірудің технологиясы» (Жетекшісі: б.ғ.к., доцент А.А.Базарғалиева) ғылыми-инновациялық жобасы жүргізілді. Жобаның мақсаты — Ақтөбе облысының ашық және қорғалған топырақ жағдайында отандық қияр сорттарының өсуін, өнімділігі мен сапасын бақылау. Бүгінгі күні жоба аяқталып, қойылған міндеттері орындалды, патент алуға тапсырыс берілді.

Сонымен қатар, магистранттар мен студенттердің теориялық білімді тәжірибемен ұштастырып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында Жұбанов жылыжайында, жеміс ағаштарының тәлімбағында ғылыми жетекшілердің кеңестерімен мезгіл сайын жұмыстар орындалып жүр.

• Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына ынталандыру және қолдау мақсатында кафедрада «Жас натуралистер», «Өсімдіктер әлемі», «Жас маман», «Биоколорит» ғылыми үйірмелері жұмыс істейді.

• Кафедраның материалдық-техникалық базасы жылдан-жылға жақсартылуда. Оқу процесі мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған тапсырыс берілген құрал-жабдықтар алынууда. Сапалы білім беру үшін қазіргі таңда кафедрада жабдықталған оқу-зертханалары, педагогикалық тәжірибелердің әдістемелік кабинеті және бірнеше оқу аудиториялары жұмыс жасайды.

Бұның барлығы кафедраның профессор-оқытушылар құрамының бірлескен қызметінің нәтижесінде болды, алдағы уақытта да бірнеше жұмыстар ауызбіршілікпен атқарылады деп есептеймін.

— Білім алушылар оқу бітіргесін қай салада көбірек бой көрсетіп жүр? Олар өмір жолдарын қалай жалғастыруда? Хабарласып тұрады ма?

— Мамандықтың рейтингін анықтайтын басты көрсеткіштердің бірі — бітіруші түлектердің бітірген жылында жұмысқа орналасу деңгейі. Университеттің жұмысқа орналастыру бойынша стратегиялық жоспарының жүзеге асырылу негізінде жұмысқа орналасу көрсеткіші жылдан-жылға өсіп келеді. Бұл орайда, студенттердің 4 курстағы педагогикалық және өндірістік практикадан өту кезіндегі, білім алушылардың өзін кәсіби маман ретінде көрсетіп сол мекемеде жұмысқа орналасуын да айтып кеткен дұрыс деп ойлаймын. Былтырғы жылы алғашқы түлектерін дайындап шығарған 6B05102-Биотехнология білім бағдарламасының 4 курс білім алушысы Шолпан Мағзом өндірістік тәжірибені Қазақстан бойынша сүт өнімдерін өндіретін компаниялардың 10-дығына кіретін «АИС+» сүт компаниясында өтіп, қазіргі таңда аталмыш мекемеде инженер қызметін атқаруда.

Оқуды аяқтаған жылы-ақ, бітіруші түлектердің 70%-дан астамы жұмысқа орналасып, магистратура, докторантура бағыттарында білімдерін шыңдап, кәсіби біліктіліктерін жан жақты көрсете біледі. Өндіріс салаларында, білім беру мекемелерінде, мемлекеттік қызметте, табиғат қорғау ұйымдарында және т.б. салаларда жұмыс атқарып жүрген түлектеріміз қазіргі таңда өзіндік жолы қалыптасып, өліміздің дамуына үлес қосып жүрген жоғары санаттағы білікті маман ретінде белгілі. Сонымен қатар, бірқатар түлектеріміз серіктес мекемелерде басшылық қызметте, мектеп директорының орынбасарлары, жоғары санатты мұғалімдер, университет оқытушылары, ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлері, өндірістік базаның жетекшілері ретінде университет ұжымымен тығыз қарым қатынаста болып келеді.

Осы орайда, педагогикалық бағыттағы Биология білім бағдарламасының екі деңгейі (бакалавриат, магистратура) бойынша білім алған Жандос Сансызбаевты атап кетуге болады. Білікті ұстаздардан тәлім алған түлегіміз өзі де

САПАЛЫ КӘСІБИ БІЛІМ ЖӘНЕ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУ

мұғалімдік жолда шындарды бағындырып, шәкірттері халықаралық деңгейдегі пәндік олимпиадалардың жүлдегерлері атанды.

Шет мемлекеттердің жоғары оқу орындарында білімдерін жетілдіріп жатқан түлектеріміз хабарласып, тәжірибе алмасу бойынша бірлесіп жұмыстар атқарылып келеді. Солардың бірі, ғылыми биология бағытының бакалавриат және магистратура бойынша түлегі, Нұржан Ташигүл Биология кафедрасында оқытушылық қызметте жүріп, Түркия мемлекетінің белді университеті Памуккале университетінің докторантурасында білімін жетілдіруде. Қазіргі таңда Памуккале университетінің ғалымдарымен бірлескен жобалар жүргізіліп, мақалалар шығарылып, академиялық ұтқырлық бағдарламасы деңгейдегі шаралар ұйымдастырылуда.

М.Ермамбетова ғылыми бағыттағы биология білім бағдарламасынан соң Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде магистратурасын аяқтап, докторантура деңгейінде білімін жалғастыруда.

Еңбек жолын кафедрада қызмет етумен бастаған кафедраның оқытушылары Ж.Ж. Кукенов және А.Т.Каирова 8D01301 Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі ББ бойынша (Қ.Жұбанов ат.ӘОУ) докторантурада оқуда.

Үштілділік бағдарламасының алғашқы түлектерінің бірі, НЗМ қабырғасында жинақтарға тәжірибелерінің арқасында түрлі сайыстарға қатысып, жүлделі орындар иеленген Жәли Перизат Жеңісқызы АҚШ-тың Массачусетс штаты Бостон қаласы Бостон университетінде Science Education (STEM) мамандығы бойынша магистратурасын сәтті аяқтады. Сүндет Елтезеров болса «Дарынды балаға — Талантты ұстаз» республикалық педагогикалық олимпиадасында Астана қаласы бойынша жүлделі 1 орынды иеленді.

6B05102-Биотехнология білім бағдарламасы биыл алғашқы түлектерін шығарған болатын. Бұл бағыт бойынша білімін тәмәмдаған түлектер де биотехнология ғылымының әр түрлі салаларында жұмысқа орналасып, білікті маман ретінде танылуда. Индустриалды қала ретінде танылған Ақтөбенің өндіріс орындарында, атап айтқанда сүт өнімдерін шығаратын «АЙС» ЖШС, дәрі-дәрмек өндіретін «ТК ФАРМ» зауытында, «Maximus» зауытында, Облыстық қан орталығында, «Гигиенист» ЖШС ғылыми қызметкер, инженер, оператор, технолог, медицина қызметкерлері лауазымында қызмет етіп жүрген түлектеріміз хабарласып тұрады. Бір айтып кететін жағдай, осы аталған мекемелер өндірістік практика базалары болып саналады және арасында практикіден өту кезінде жұмысқа алынған студенттеріміз бар.

Жалпы алғанда, кафедраның білім бағдарламаларын аяқтаған түлектер Қазақстанның ұлттық және басқа да ЖОО-да, шетелдің университеттерінде магистратура, докторантура деңгейінде білімдерін жетілдіріп, елдің дамуына үлестерін қосып, еңбектерін жемісті атқаруда.

— **Алдағы мақсатыңыз қандай жоспармен негізделген, кафедрада даярланатын білім бағдарламалары бүгінде қаншалықты өзекті?**

— Әр істі, күнделікті жұмыс барысын жоспар бойынша бастау — маңызды қағидаларымыздың бірі. Мықты маман дайындауда және ол маманның жеке тұлға ретінде даму жолындағы жоспарларын, кәсіптілік бағытында құзіреттіліктерін арттыруға бағытталған мақсаттар мен міндеттер көп деуге болады. Білім бағдарламаларының сапасын бірнеше бағытта дамыту бойынша бірқатар жоспарлармен бөліссем:

— Бәсекеге қабілетті ел ретінде ғылымға аса назар аударылған заманда заманауи үлгіде жабдықталған зертханалар тың идеялар мен жаңалықтардың бастамасы екені сөзсіз. Осы орайда, әлемде молекулалық-генетикалық деңгейде зерттеу жұмыстары өзекті болғандықтан, алдағы уақыттарда ғылыми-зерттеулер жүргізу және оқу процесіне енгізу мақсатында Полимеразалы тізбекті реакция (ПТР) зертханасын жасақтау барысында жұмыстар жүргізілуде.

— «Ботаника» пәні Биология кафедрасында даярланатын білім бағдарламаларының барлығында негізгі пән ретінде оқытылады. Кафедра базасында жылдар бойы жинақталған гербарий қоры бар. Осы орайда, Ақтөбе облысының өсімдіктер биоалуантүрлілігін зерттеу және сақтап қалудағы ғылыми жұмыстарға бастама қызметін атқаратын гербарлық қорды дамыту, толықтыру негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Сондықтан, гербарлық қорды жаңа форматта жасақтау үшін жаңа құрылғыларды алдырту бойынша жұмыстар атқарылуда.

— Жақын шетелдік ЖОО-дарымен оқу-әдістемелік жұмыстарды, білім алушылар мен оқытушылардың сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында халықаралық келісімге отыру, оқу процесіне шетелдік ғалымдарды тарту жұмыстарын дамыту.

— Индустриалды өңірге саналатын Ақтөбе облысының өзекті мәселелерін шешуге өз үлестерін қосатын білікті маман дайындау мақсатында Биология бағыты бойынша докторантура ашу да жоспарда бар.

— Өндірістік тәжірибе-білікті маман болудың бір баспалдағы, яғни білім алушының даярланатын білім бағдарламасы бойынша зор мүмкіндіктерін ашып, ғылымға деген қызығушылығы мен елдің дамуына қосар үлесінде септігін тигізетіні сөзсіз. Осы орайда алға қойылған жоспарлардың бірі — кафедра дайындайтын білім бағдарламалары бойынша өндірістік тәжірибе базасын ұлғайту, өңірдің негізгі мәселелерін шешуде белді рөл атқаратын өндіріс орындарында, әлемдік тәжірибені, жаңашылдықты оқу процесінде кеңінен пайдаланатын білім беру ұйымдарында, ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілетін ірі компанияларда, білім алушылардың мол тәжірибе жинақтауына жағдай жасау.

— Білім беру үдерісін материалдық-техникалық жабдықтауда жоғары оқу орнының қол жеткізген көрсеткіштері әлеуеттің, тұрақты даму кепілдігінің сипаттамасы, білім беру сапасын қамтамасыз ету факторы болып табылады. Осыған орай жоғары оқу орнының миссиясына, стратегиясына, жоғары оқу орны жүзеге асыратын, білім беру бағдарламаларына сәйкес келетін материалдық-техникалық базаның жаңартылуы, ақпараттық ресурстар мен студенттерді оқыту ортасын жақсарту, жаңарту үздіксіз жүргізіліп, заманауи бағыттағы құрал-жабдықтарды игеруде жұмыстар атқарылып, жылдан-жылға жоспарлануда.

— Кафедраның ғылыми әлеуетін көтеру мақсатында Ph.D. докторантурада білімдерін аяқтаған кафедраның оқытушыларына, атап айтқанда 6D060700— «Биология» ББ бойынша Ж.І.Қуанбай (Л.Гумилев атындағы Евразиялық ұлттық университеті), 6D061300— «Геоботаника» ББ бойынша Б.А.Туралин (Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті), 6D011300— «Биология» ББ бойынша Б.Б.Саримбаева (Абай атындағы ҚазҰПУ университеті) қорғауға мүмкіндік жасай отырып, ғылыми

кеңістіктеріне жол ашу. Сонымен қатар, «Жас келсе, іске» дегендей, ғылым мен білімге, мәселеге жаңашыл көзбен қарайтын жастарды кафедраға оқытушылық қызметке қабылдаған болатыныбыз, алдағы жүргізілетін жоспардағы істердің бірі — еңбекқорлығымен, ғылымға деген зор ынтасымен көзге түсіп жүрген жас мамандарға педагогикалық-ғылыми бағытта қолдау білдіріп, докторантураға түсуіне жағдай жасау.

Бүгінде кафедрада дайындалатын білім бағдарламаларының барлығы дерлік өңірдің, елдің дамуы бағытында маңызды мәселелерді шешуде өзекті болып саналады. Еліміздің білім және ғылыми, экономикалық даму бағытында сұранысқа ие білікті мамандарды даярлау — басты мақсатымыз.

— **Тамақ өнеркәсібіне байланысты ғылыми ізденістеріңізді байқадым. Сол жайлы да білу қызық. Дұрыс тамақтану мәдениетін ұстанатын боларсыз?**

— Тамақтану мәселесі өте күрделі мәселе. «Ас — адамның арқауы», «Ауру — астан» деген мақалдардың астарында үлкен философиялық ойлар бар. Тағамтану институтының президенті, академик Т.Ш.Шарманов айтқандай: «Қайғылы жағдайлардың 60% дұрыс тамақтанбауға байланысты. Дұрыс тамақтану арқылы көптеген аурулардың барысын жеңілдетіп, асқынуына шек қойып, жаңа жағдайлардың туындауына жол бермеуге болады. Бұл орайда салауатты тамақтану өнімдерінің маңызы зор». Институттың ғылыми қызметкерлерімен тамақтану рационасына байланысты бірнеше зерттеу жұмыстары Қазақстанда жүргізілді, нәтижесі халыққа ұсынылды.

Тиімді тамақтану — организмнің қоректік заттарға деген физиологиялық қажеттіліктерін толық қамтамасыз ету.

Қазіргі кезде жастар фастфуд тағамдарын, газды сусындарды ішуге әуес. Тез дайындалатын өнімдерде көмірсутегі, трансмайлық қышқыл, газ өте көп. Бұлар адам ағзасына қажетті заттарды шығарып тастайды. Қарынның бос кеңістігін толтырғаннан пайдасы жоқ. Себебі құрамында көмірсу көп. Олар семіздікке әкеледі, басқа да аурулар тудырады. Сондықтан, әлеуметтік желіде дұрыс тамақтану бойынша мыңдаған кеңестер, ақпараттар көп. Соны оқып, зардаптарын түсініп, дұрыс тамақтану мәдениетін ұстанған жөн.

Егер әр адам денсаулығына бар капитал деп қараса, ол адам бірінші кезекте дұрыс тамақтануға дағдылануы керек. Оның алып бара жатқан еш құпиясы жоқ. Тамақтану бойынша YouTube-тегі «Тағамсаулық» каналын қарауға кеңес беремін.

— **Бақтыгерей Адманов белгілі меценат. Үлгілі іспен айналысып, осы университеттің атаулы кабинеттерін жасақтауға қомақты қаржы бөлген жан. Туысыңыз болар?**

— Иә, Бақтыгерей Адманов әкемнің туған ағасы. Өулетімізде барлығына қолдауын көрсетіп келе жатқан үлгілі кісі, барлығымыз «Әке» деп құрмет көрсетіп, ізінен үлгі алып келеміз. Ізгілік пен парасаттылықтың үлгісі болып, халықтың әлеуетіне өз септігін тигізу мақсатында жасаған игі шаралары аз емес. Соның бірі — осы университеттің Тарих факультетінің оқу ғимаратының ішінара жабдықталуына себепші болып, тарихымыз бен құндылықтарымызды дәріптеген тарих ғылымдарының докторы, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Бекежан Сүлейменовтың атына берілген кабинеттің жаңа үлгіде жасақталуын қамтамасыз еткен болатын. Қайырымдылық сынды қайырлы қасиетті бойына сіңірген және жасаған үлгілі істері артында есіп келе жатқан ескең ұрпаққа мол мұра, өшпес өнеге болып қалары сөзсіз.

✓ **Faculties**

Special pages
Арнайы беттер



ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ: ЖОҒАРЫ САПАЛЫ КӘСІБІ БІЛІМ ЖӘНЕ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУ

Марта Бектемір Биология білім бағыты бойынша Zhupanov University 4 -курс студенті. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Көлтабан ауылдық округінен оқуға келген. Орта мектепті Алтын белгімен бітірген. Бала кезінен мақсаткер, белсенді. Мартаны студенттік декан, студенттік сенатор, университетішілік, қалааралық мәдени іс-шаралардың шебер жүргізушісі ретінде жақсы таниды.

Жан-жақты студент ғылыми зерттеулермен де айналысады. Пәндік олимпиада жүлдегері. Өңірдің қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысқаны, жастар саясатының дамуына қосқан үлесі, ғылымдағы жетістіктері үшін облыс әкімінің, университет ректорының, факультет деканының Алғыс хаттарын алған.

Zhupanov University-2023 Үздік студент төсбелгісінің иегері.

Өңгімелескен Гүлнара Дауылбайқызы.

МҮМКІНДІКТЕР ОРТАСЫ

Жаратылыстану ғылымы барлығының бастауы

— Өзіңіз оқып жатқан "Биология" мамандығы туралы айтып берсеңіз. Бұл академиялық жоғары білім оны игерген жас маманға қандай өмірлік мүмкіншіліктер береді?

— Қазіргі кезде мамандықтар мен кәсіп түрлері өте көп. Әр мамандықтың өзінің ерекшеліктері мен артықшылықтары бар, сондықтан оларды басты және болмашы деп бөлуге болмас. Әрқайсысының өмірде өз орны, өзіне тән белгісі бар. Бірақ, әрине, өз мамандығым, өз таңдауым болғандықтан менің көзіммен, мен үшін жаратылыстану ғылымы барлығының бастауы іспетті. Себебі ең бірінші әрине тіл немесе басқа сала да қажет шығар, бірақ сол нәрсенің барлығы жаратылысты зерттеу үшін жұмылдырылғаны ақиқат. Бұл саланың әрбір жеке бағытының өзі үлкен мағына. Соның ішінде биологияның астын сызып тұрып атауға болады.

Биология мұғалімі де «жасаушының» бірі, алдыңғы қатарлысы десе де болады, себебі осы ғылымның, пәннің ерекшелігі солай. Біз басында айтып өткендей, адамның «мазмұнының» негізін құрайтын дүниетаным, өмірдегі әрбір тіршіліктің құрылысы, орны, қызметі, пайдасы мен зияны деген сұрақтардың жауабын алуда да биологияның орны ерекше.

Бұрындары барлық биология сабақтарында сұрау, жаңа материалды түсіндіру, тіпті қазіргідей зертханалық жұмыс та жүргізілді, яғни «бәрі ғылым бойынша» өткізілді, әдіскерлердің ұсынысымен. Бірақ сабақ енжар болды. Неге? Себебі мұғалімде сол сабақтың жемістілігін беретін шығармашылық шабыт болған жоқ. Ал осындай серпіліссіз, жаңашылдықсыз сабақта орын алатын басты мәселе — педагог пен сыныптың бір маңызды ортақ істі атқарғаны сезілмеді, ал қазір бәрі басқаша, жаңаша әдіс, оқушымен жаңа тығыз қарым-қатынас, бұның барлығы тың идеялардың дүниеге келуі үшін өте маңызды.

Ал енді, сол оқып жатқан тұлға үшін биологияның кең көлемдегі маңызын айтар болсақ, 4 жыл ішінде түйгенім жан-жақты, таным көлемі кең тұлға бейнесін қалыптастыра алатын мамандық деп айтарлықтай. Адамды қоршаған бүкіл биосфера осы білім саласының қызығушылық саласына жатады. Сондықтан биология, біріншіден, қоршаған әлем туралы білім көзі ретінде маңызды. Осы ғылымның көмегімен адам айналасындағы жабайы табиғат туралы көбірек біле алады. Бірақ, тек когнитивті функциядан басқа, биологияның бұл саласының практикалық мәні де бар. Табиғаттағы барлық нәр-

селер өзара байланысты екендігін анықтайтын биологиялық заңдылықтарды білу және әр түрлі тіршілік иелерінің тепе-теңдігін сақтау қажет. Мұндай білім адамды экологиялық тепе-теңдікті сақтау керек екендігіне сендіре алады. Биологияның тағы бір саласы — шын мәнінде адамның өзін зерттеу. Бұл білім әркім үшін де маңызды. Биология — медицинаның теориялық негізі болды, оған адам ағзасының ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік берді. Бірақ әр адам биологиялық түр ретінде өзіндік ерекшеліктерін білуі керек. Сонымен қатар сізге тамақтану, физикалық және психикалық стресс тұрғысынан өз өміріңізді қалай ұйымдастыру керектігін жақсы түсінуге көмектеседі. Ал қазіргі заманда өз тәніне күтім жасау, өмірді ұтымды пайдалану еңбек өнімділігін едәуір арттыра алады. Биология экономика саласында да, әсіресе ауыл шаруашылығында пайдалы. Тірі организмдердің даму заңдылықтарын білу, адамға жасанды ортада өсіруге, яғни селекциялар үшін бейімделген жаңа түрлерді көбейтуді үйренуге көмектесті. Бұл өнімділік пен өткізуді едәуір арттырды, бұл әсіресе халыққа өсу және табиғи ресурстардың қысқаруы кезеңінде адамзатқа қажет. Жоғарыда айтылғандардан биологияны зерттеу адам қызметінің көптеген салаларын өзгертті деген қорытынды жасауға болады. Сонымен қатар, бұл ғылымдағы негізгі білім, маман емес адамдар үшін қазіргі әлемде табысты навигация жасау және дұрыс таңдау жасау үшін қажет, мысалы, қоршаған ортаның ластануына байланысты жағдайларда немесе т.б.

Қызығушылық + еңбек = табыс көзі

— Қазір жастарға айналысатын жақсы бағыттар көп. Болашақ кәсібіңізден өзге сізді қандай істер қызықтырады?

— Лев Толстой саналы адамға: «Ішіп-жеп, ұйықтап-ояну өмірдің негізгі мәні бола алмайды», — деген екен. Өлбегте солай. Бұл ғаламға келіп кеткен небір данышпан, хәкімдердің өзі бұл дүниедегі басты мақсаты мен биік мұратын іздеп кеткен. Хәкімдерден бұрын ес білгелі ата-әжемнің үйреткен тәрбиесі, айтар ақылы осы болған. Қазіргі жас буыннан көретін ең жақсы қасиеттердің бірегейі сол мақсаттылық, қай жасты көрсеніз де жаңа лепке, жаңа толқынысқа талпынып жатыр, қызығушылық танытып жатыр, сан алуан сферада ірілі-ұсақты бағыттармен айналысып жатыр. Мен де қалыс қалмасам керек, 16 жасымнан бері мейрамхана, той бизнесі саласындамын. Отбасылық «Марта» мейрамха-



насында администратор қызметін атқарамын. Бұл кәсіп менің жан-жақты қызығушылықтарымды ашуға көп септігін тигізді, адамдармен қарым-қатынас, клиенттің көңілін табу, әртүрлі ситуациядан шыға білу, бір сөзбен өмірге деген икемділікті үйретті. Бұл қызметтен кейін қазіргі кездегі тренд салалардың бірі «декоратор» яғни, той саласында әрлеуші қызметін атқардым. Клиенттің тапсырысы бойынша фотозона жасаумен айналыстым. Бір фактпен бөлісе кетсем, мен бұл салада ешқандай білім алмадым, формула жай ғана «қызығушылық + еңбек = табыс көзі»-нен тұрды. Іздендім, тәжірибеде өзімді өзім өткіздім, осылайша жай ғана қызығушылық кәсіпке айналып кетті. Бала күнімнен көкейімде жүрген, мен үшін шынымен арман болған, тойхана саласынан бұрын ойға алған тағы бір іс болды. Ол кезде 2-курс студентімін. Кішкентайымнан ән мен биге, әдебиетке деген қызығушылығымның арқасында шоу тобын жасақтадым. Ұзатылатын қыздарды әдемі әнмен алып шығу, оларды сыңсу айтып ұзатып салу мен үшін шынымен арманның бірі болды, мектеп кездері қашан жетер екенмін сол күнге деп, айнаға қарап көп армандайтынмын, ол күн сол шақтарыма туды. Костюмдерді, қосымша реквизиттерді алуға алғашында ата-анам инвестиция құйды, кейін алған ақшамды ата-анам қайтара алдым. Сценарий, ән, хореография барлығын өзім ойластыратынмын, бұл да өз мақсатыма деген құрмет пен махаббаттың көрінісінен болатын. Алты қызды қосымша табысқа шығардым, өзім де табыс көзін жасадым. Мендегі хобби мен қызығушылықты осы салаларда біріктірдім, бұның барлығын университет қабырғасында сабақпен, активизммен қоса бастап, нәтижеге жеткіздім.

Лидер – бұл мотиватор

— Лидер болу оңай ма, әлде қиын ба? Сұраған себебім бүгінде көп жастың бойында өзіндік амбиция, харизма, көшбасшылыққа ұмтылыс бар. Оларды бір мақсатқа тоғыстырып, басқару меніңше оңай емес..

— Мен үшін де, қазіргі заман үшін де өте ауқымды кең тақырып. Сырттан қарап, бақылап тұрған адам үшін лидер болудан оңай зат жоқ, ал сол лидерлік жолда жүрген жас болсын, кәрі болсын оның жауапкершілігінің ауыр екендігін түсіне алатын жандар. Ия, сіз айтып отырғандай қазір жастардың бойында бәсекелестік, шыныменде лидерлікке деген ұмтылыс жоғары, бұл әрине өте жақсы, себебі сол көшбасшының көшбасшысы болу керек деңгейде жүретін бәсекелестік те артады. Лидер болу үшін эмоциялық зерде мықты болуы шарт, тіпті жетістікке жетудің, лидер болудың тетігі деп те айтуға болады. Лидер ұжымның арқар сүйер адамы, лидер мен басшының айырмашылығы да осында. Сіз басшыға бағыныпқы кейіпте, яғни басшы сізге доминантты түрде қарайды, ал лидермен сіздің тең құқылы сызықта жұмыс жасауға мүмкіндігіңіз бар. Топтағы әрбір адамның ситуациясына кіре білуіңіз қажет, оңтайлы шешімді, қиын сәттердегі ұтымды шешімді жасай білу қажеттілігі туындайды. Лидер — бұл манипулятор емес, лидер — бұл мотиватор. Лидерлік трендке айналған заманда өз брендіңізді жасап үлгересіз дер едім, ол үшін басқалардың эмоциясын бақылаңыз, адамды түсінуге тырысыңыз, зейін қойып, мұқият тыңдаңыз, сын айтудың жөнін біліңіз, дауласудан аулақ болыңыз, дипломатиялық қарым-қатынасты басты фишкаға айналдырыз, уәденізге берік болыңыз, ақылдасу құндылығын естен шығармаңыз.

Мақсат "қаржылық сауаттылық" емес, "ғылыми сауаттылық"

— Жастар жиындарында жиі болады екенсіз. Замандастарыңызбен пікірлескенде ең басты не толғандыратынын байқайсыз?

— Жиындар өз алдына, күнделікті өмірде тілдескен әрбір екінші замандасым бір нәрсеге асығады. Тезірек бай болсам, тезірек ақша таба алсам, тезірек жетістікке жетсем, тез нәтиже көрсетсем, үйім тезірек болса екен, келігім тезірек болса екен. Бұл біржағы жақсы да шығар, бір жағы қоғамның дерті деп те айтар едім. Көп жастар инстаграмм, тикток желілерінен жетістікке жеткен адамдардың парақшасын қарап, сол нәрсемен ауыра бастайды, өзін салыстырады, кінәлайды, неге ол адамда жөрі болма қойды, менде болмады, неге менің болып болмайды, содан өзіне деген құрметі түсе бастайды, оның арты апатия, күйіп кету, өзін жек көруге апарып соғады. Сонда қараңызшы айдаладағы адам үшін сіз күйіп-пісіп кеттіңіз, алдымен ойлаңызшы, ол инстаға жариялаған өмірінің артында сіз болған жоқсыз, ол адамның еңбегін, қиындықтарын, ауыртпалықтарын сіз көрген жоқсыз, енді олар ол салыстырулардың, асығулардың еш мәнділігі жоқ. Сондықтан замандастарыма айтарым, бәрі өз қолымызда, бойымызға сенімді ұялататын да, кейін оны қорқынышпен жоқ қылып жіберетін де өзіміз. Ия, маған да қатысты болар бәлкім, замандас деп қойып ақыл айтқандай болып көрінгенде шығармын, бірден айтатын ешқандай мақтан үшін емес, себебі бұндай әдемі болып көрінетін жолдың мен де күйгері болғам, ата-анам қаншама жылдық маңдай терді төккен кезде, ал бұл маңдайларына жазылған бақ қой, немесе бәрі бола қойды дегенді мен де естігем, ол бақтың артында сіз елестетпейтін еңбек жолы жатыр. Тоқ етері бұл дерттен айырылсақ екен деймін, өміріміз алда, 4 жыл оқуды жақсы нәтижеге аяқтайық, қазір басты

мақсат "қаржылық сауаттылық" емес, "ғылыми сауаттылық", қалғаны өз уақытымен келеді.

Оқытушылар құрамы ерекше

— "Биология" мамандығын толық игеріп шығу үшін факультетте қандай жағдайлар жасалған?

— Қандай мүмкіндіктер, қандай жағдайлар жасалған деген кезде, мен үшін материалдық база емес, теориялық база бірінші орында тұрады деп айтар едім. Ең бірінші оқытушылар құрамын ерекше атап өтер едім, мен білім алған әрбір оқытушы бір бөлек кітап десем де болады, асыра мақтағаным емес, расыменде мен осы оқытушыдан білім алғанмын деп айта алатындай тұлғалар жинақталған, өзім бұйырса университет қабырғасын үздік аяқтауға таяп қалдым, осы сұқбат барысында факультетіме, кафедрама барлық мүмкіндіктер үшін ерекше алғыс білдіремін. Шынайылық пен тактика, білімді бағалаудағы тазалық, студенттердің жетістіктеріне деген қызығушылық ең мықты жасалынған жағдай. Одан кейін барып әрине ЖОО

ғұшылық танытқан ірі орындарды атап өтсем: «Үстірт мемлекеттік қорығы», «Бөлше-Бөрсік орман шаруашылығы», «Фитосанитария» РМК Ақтөбе облыстық филиалы, «Ұлттық сараптама орталығының» Байғанин аудандық филиалы, «Milk Stories-A» ЖШС, «Ақтөбе обаға қарсы станциясы» мемлекеттік мекемесі, «Ақтөбе облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі, «Ақтөбе облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесі, «Облыстық қан орталығы» МКҚК, «Гигиенист» ЖШС, «Рамазан» ЖШС, «Айс+» ЖШС.

Мүмкіндіктер ортасы

— Студенттік өмірдің соңғы жылы екен, қалай өткіздім деген ойдасыз?

— Өмір қызық расымен, өткен 2020-сыншы жылдары деп қояйыншы, университет табалдырығын аттамай студент болған шақтың замандасымын. Манитордың артындағы группалас, түсініксіз терминдер, шегі жоқ чаттармен басталған студенттік өмірімің аяқталуына сәл қалды десе сенбестей күйде жүрмін, біреу



болғаннан кейін болашақ ұстаздарды, жаратылыстану ғалымдарын, болашақ мамандарды дайындайтын кафедра базасы барынша жабдықталған. 6B01505 – «Биология», 6B05101 – «Биология», 6B05102 – «Биотехнология» мамандықтарының студенттеріне сабақты жоғары әдістемелік және практикалық деңгейде өткізу мақсатында кафедраның материалдық-техникалық базасы жылдан-жылға жаңартылуда. Осылайша, бүгінгі таңда кафедра: 4 оқу зертханасымен, педагогикалық эксперименттерге арналған әдістемелік кабинетпен және бірнеше оқу кабинеттерімен жабдықталған. Барлық кабинеттер оқу үдерісіне қажетті техникалық оқу құралдарымен жабдықталған: интерактивті тақта, компьютер, мобильді проектор, ноутбук және т.б. Ғылыми-педагогикалық жұмыстармен қатар ЕР 6B05101 – Биология және 6B05102 – Биотехнология бойынша теорияны бекіту бағытында практикалық жұмыстар да жүргізіледі. Студенттердің кәсіби тәжірибесін ұйымдастыру мақсатында кафедра әлеуетті жұмыс берушілер болып табылатын «Ақтөбе ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы», «Жас натуралистер станциясы», «Мемлекеттік Ырғыз – Торғай табиғаты» ұйымдарымен және тәжірибе базаларымен тығыз ынтымақтастық және өзара әрекеттестік байланыста. Олардың ішінде, өзім білетін қызы-

түсімнен оятып жіберетіндей. Қимастық күннен күнге үдеп бара жатыр. Студенттік шағым өте әдемі, өзіндік бояуы бар естеліктерге лық топы, таңды таңға жалғасамда қызығы мен шығымды тауыса алмасым анық. Дегенмен таңдыымдағы тәтті естеліктеріме бір шолу жасайын, биология мұғалімдерін даярлау мамандығына түстім, бірден активист болуға талпындым, әннен бастадым, кейін 1-курс шағымда фракция жетекшісі, студенттік сенатордың орынбасары қызметін атқардым, 2-курста факультетте шара жүргізушісі болып, кейін университеттік, облыстық деңгейде шаралар жүргіздім, 2-курс кезінде факультеттің үздік студенті атандым, 3-курста факультет сенаторы қызметін атқардым, сол жылы университеттің үздік студенті болдым. Бірақ бұл дүниелерді үлкен жетістік демес едім, статус маңызды емес, маңызы — салмақты жетістігім өмірлік достар тауып, өмірлік ұстанымымды қалыптастырғаным, өз-өзімді тапқаным, қоғаммен белсенді байланыс орнатқаным. Тапқан дос пен таныстық 1 факультетті ғана құрамай барлық 9 факультетті, 9 түрлі ортаны құрады. Барлығы үшін Жұбановыма рақмет айтамын, бұл орта расыменде мүмкіндіктер ортасы.

Арнайы беттерді әзірлеген
Г.Дауылбайқызы

☑ Zhe World Togyzkumalak Championship



ПОБЕДИТЕЛИ ЧЕМПИОНАТА МИРА ПО ТОГЫЗКУМАЛАКУ

В Алматы прошел первый в истории Чемпионат мира по тогызкумалаку среди школьников (U-15, U-17). В нем приняли участие спортсмены из 17 стран (Узбекистан, Турция, Румыния, Венгрия, Испания, Кыргызстан, Польша, Монголия, Россия, Туркменистан, Латвия, Чехия и др.). Они сыграли в тогызкумалак по рапиду и блицу. Международное соревнование было организовано Федерацией по тогызкумалаку, которая входит в состав Ассоциации национальных видов спорта республики.

«Тогызкумалак — интеллектуальный вид спорта. По решению ЮНЕСКО в 2020 году эта игра включена в список культурного наследия человечества. Это один из крупнейших вкладов казахского народа в мировое культурное наследие. И я верю, что Чемпионат мира, который стартовал в Алматы, расширит масштабы популяризации тогызкумалака и усилит его пропаганду среди молодежи», — отметил Президент Ассоциации национальных видов спорта РК Исламбек Салжанов.

Среди 200 спортсменов, принявших участие в Чемпионате мира по тогызкумалаку, с победой вернулись школьники из Актобе. Балнур Тилегенова заняла 2-е место в категории U-17 по рапиду, Кайрат Турарбек —

3-е место в категории U-17 по блицу. В командном зачете Актобинская область показала результат — 1 место.

Балнур Тилегенова — ученица школы №5, занимается интеллектуальным спортом с 6 лет. Является многократным призёром Чемпионата РК, серебряным призёром Чемпионата Азии, прошедшего в 2018 году.

Кайрат Турарбек учится в школе №30, занимается тогызкумалаком с 7 лет, является вторым призёром Кубка Азии, двукратным Чемпионом Казахстана.

Ректор Университета Zhubanov University, Президент областной федерации по тогызкумалаку Лаура Карабасова пригласила школьников, ставших чемпионами мира, чтобы поздравить и вручить им Благодарственные письма.

Zhubanov University всегда поддерживает национальную игру тогызкумалак и регулярно проводит комплексные мероприятия по ее популяризации.

Г.Караша



Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №КЗ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрайымы-ректор Лаура Қарабасова

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы
Айгерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Нұрша Биданова

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: <http://zhubanov.edu.kz>

Facebook: ZhU oblystyq gazetі

Таралымы: 5000 дана